

Жаңа оқу жылы құтты болсын!



Алғашқы қадамға - алғашқы қолдау



2-бет

**АБАЙ МҰРАСЫ:
ЗАМАНАУИ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУДЕР
ҰЛЫ ОЙШЫЛ МҰРАСЫНЫҢ
ЖАҢА ҚЫРЛАРЫН
АШАДЫ**



...4-бет

**Новый этап развития
научной
инфраструктуры
университета**



...5 стр.

Польские ученые-акарологи проводят исследования в ЗКУ имени М. Утемисова

В рамках реализации научно-технической программы BR28712767 «Изучение экологических, социально-демографических, экономико-географических, палеобиогеографических аспектов Приуралья и оценка его природно-ресурсного потенциала», выполняемой в рамках программно-целевого финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова посетили ведущие польские ученые-акарологи Славомир Качмарек и Томас Марквардт из Университета Казимира Великого (Польша).

В ходе визита зарубежные ученые ознакомились с научной инфраструктурой университета, посетили лаборатории, гербарий, зоологическую коллекцию, а также строящийся корпус Центра академического и исследовательского превосходства. В рамках совместных научных исследований были проведены полевые работы на территории Западно-Казахстанской области. Экспедиция охватила различные природные ландшафты региона, в том числе пойму реки Жайык, осиновые леса на горах Цыган и Жемчин, государственный природный заказник «Дубрава», Воронскую балку и другие природные объекты.

В ходе исследований собрано более 30 образцов для изучения почвенных клещей, проведена фотофиксация исследуемых территорий, а также выполнены географические и флористические описания



природных комплексов. Полученные материалы будут использованы для дальнейшей камеральной обработки и проведения сравнительных научных исследований.



Визит польских ученых стал очередным шагом в развитии международного научного сотрудничества Западно-Казахстанского университета имени М. Утемисова, направленного на расширение академических связей, обмен научным опытом и реализацию совместных исследовательских проектов.

Алғашқы қадамға - алғашқы қолдау

Жаңа оқу жылының басталуы - әр бала үшін ерекше кезең. Әсіресе мектеп табалдырығын алғаш аттайтын бүлдіршін үшін бұл күннің орны бөлек. Жаңа сөмке, дәптер, қаламсап пен оқу құралдары - бала өміріндегі жаңа белестің алғашқы белгісі.



Бұл - бір отбасының ғана қуанышы емес, университет ұжымы үшін де маңызды ортақ мереке. Дәстүрлі «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында биыл университет қызметкерлерінің 40-қа жуық баласына мектепке қажетті оқу құралдары табысталды. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда екі есеге жуық артып отыр.

Акция аясында балаларға ұсынылған сөмкелерге оқу жылына қажетті негізгі құралдардың барлығы жинақталған. Дәптер, түрлі-түсті қаламдар, жазу құралдары мен қосымша сабақтарға қажетті жабдықтарға дейін қамтылған. Алайда бұл бастаманың

мәні сыйлықтың санымен немесе оның ішіндегі оқу құралдарымен ғана өлшенбейді. Ең бастысы - бүлдіршіндердің білім алуға деген алғашқы қадамына қолдау көрсету. Мектепке алғаш баратын бала үшін жаңа сөмке мен жаңа оқу құралдары жаңа ортаға бейімделуге, мектеп өмірін қуанышпен бастауға ықпал ететін маңызды сый.

«Мектепке жол» - әлеуметтік маңызы жоғары, жыл сайын ұйымдастырылатын республикалық акция. М. Өтемисов атындағы БҚУ-дағы биылғы іс-шара университеттің бастауыш кәсіподақ ұйымының қолдауымен жүзеге асырылды.

БҚУ студенті «Жазғы университет» жобасында халықаралық тәжірибе жинақтауда

М. Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Құқық» білім беру бағдарламасының студенті Орал федералды университетінің базасында өткен және әлемнің 16 елінен келген 430 студенттің басын қосқан «Жазғы университет» халықаралық жобасына қатысты. Бағдарламаның құқықтық бағыты аясында қатысушылар халықаралық құқық пен жоғары технологиялық салаларды құқықтық қамтамасыз ету мәселелерін меңгерді.



Бағдарламаның маңызды кезеңдерінің бірі - ХакАтом жобалық байқауы болды. Онда БҚУ студенті «Горизонт» халықаралық командасының құрамында Еуразиялық ядролық сауаттылық және қауіпсіздік мәдениеті гуманитарлық орталығының тұжырымдамасын әзірлеп, жоба сарапшылар тарапынан жоғары бағаланды.

Бағдарлама қорытындысы бойынша қатысушылар «Росатом» мемлекеттік корпорациясының сертификаттарына ие болды. БҚУ студенттерінің халықаралық білім беру жобаларына қатысуы - білімге ұмтылыс, белсенділік пен кәсіби дамуға деген талпыныстың жаңа мүмкіндіктерге жол ашатынының айқын дәлелі. Университет студенттердің кәсіби өсуіне, халықаралық ынтымақтастықты нығайтуына және әлеуетін толық жүзеге асыруына жан-жақты қолдау көрсетуді жалғастыруда.

БҚУ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

Қазақстанда Корей Ғылым және озық технологиялар институтының филиалы ашылады



Сеул қаласында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің Корея Республикасының Премьер-министрінің орынбасары—Ғылым және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар министрі Пэ Кен Хунмен кездесуі өтті.

Кездесу барысында тараптар ғылым, жоғары білім және жасанды интеллект салаларындағы Қазақстан–Корея ынтымақтастығының негізгі бағыттарын талқылады.

Келіссөздердің негізгі тақырыптарының бірі жасанды интеллект саласындағы ынтымақтастықты кеңейту болды. Атап айтқанда, озық технологиялар трансфері, бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын дамыту, сондай-ақ екі елдің білім беру және ғылыми ұйымдары арасындағы

өзара байланысты нығайту мәселелеріне назар аударылды.

Кездесуде Корей Ғылым және озық технологиялар институты (KAIST) филиалын ашу мәселесіне ерекше назар аударылды. Тараптар жасанды интеллект, цифрлық технологиялар және басқа да басым ғылыми-технологиялық бағыттар бойынша жоғары білікті мамандар даярлау мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік беретін бастаманы іске асырудың одан арғы қадамдарын талқылады.

«Қазақстан Корея Республикасымен стратегиялық серіктестікті одан әрі тереңдетуге мүдделі. Біз үшін жасанды интеллект, технологиялар трансфері және кадрлар даярлау салаларындағы бірлескен жобалардың маңызы зор. Корея мен Қазақстанның жетекші университеттері мен ғылыми орталықтары арасындағы тікелей өзара іс-қимылды кеңейтуге мүдделіміз», – деді Саясат Нұрбек.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар ғылыми-технологиялық және білім беру салаларындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға мүдделі екенін растап, қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру бойынша жұмысты жалғастыруға келісті.

«ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ПЕРСПЕКТИВТІ БАҒЫТТАРЫ»

ТАҚЫРЫБЫНДА ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯНЫҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

13 тамызда Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясының «Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұрасын зерттеудің перспективті бағыттары» тақырыбындағы кеңейтілген отырысы өтті.

Іс-шара Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұрасын жүйелі әрі кешенді зерттеудің басым бағыттарын айқындау, ғылыми зерттеулерді үйлестіру және осы саладағы жаңа ғылыми бастамаларды талқылау мақсатында ұйымдастырылды.

Кеңейтілген отырыстың негізгі мақсаты – Жошы Ұлысы мен Алтын Орда тарихын зерттеудің қазіргі жай-күйін саралау, отандық ғылым үшін перспективті зерттеу бағыттарын айқындау және осы саладағы ғалымдар мен ғылыми ұйымдардың күш-жігерін үйлестіру.

Салтанатты жиын Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтау сөзімен ашылды. Ол Жошы ұлысының тарихы қазақ мемлекеттілігінің тамырын тереңнен танытатын, Еуразия кеңістігіндегі

А.Күрішбаев өз сөзінде Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұрасын зерттеуді жаңа сапалық деңгейге көтеру үшін алты негізгі бағытқа басымдық беру қажеттігін атап өтті. Атап айтқанда, Жошы Ұлысын зерттеу және ғылыми жұмыстарды үйлестіру жөніндегі республикалық жұмыс тобын құру, тарихи мұраны цифрландыру және жасанды интеллект негізіндегі зерттеу инфрақұрылымын қалыптастыру, перспективті ғылыми бағыттарды айқындап, мамандандырылған басым бағыттарға енгізу, флагмандық ғылыми бағдарламаларды әзірлеу, халықаралық ғылыми ынтымақтастықты кеңейту, сондай-ақ Жошы Ұлысын зерттеу жөніндегі кешенді жол картасын әзірлеу ұсынылды. Бұл бастамалар ғылыми зерттеулерді жүйелеуге, отандық және шетелдік ғалымдардың әлеуетін біріктіруге және Жошы Ұлысының әлемдік өркениет тарихындағы орнын ғылыми тұрғыдан тереңірек зерделеуге бағытталған. Ұлттық ғылым академиясы осы бағыттағы барлық ғылыми бастамалардың үйлестірушісі ретінде ғылыми қауымдастықпен бірлесе отырып, аталған міндеттерді жүзеге асыруға дайын екенін көрсетті.



саяси, экономикалық және мәдени үдерістердің тұтас бір дәуірін қамтитын аса маңызды ғылыми бағыт екенін атап өтті. Сондай-ақ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жошы ұлысының тарихи-мәдени мұрасын жүйелі әрі кешенді зерделеуге ерекше мән беріп келе жатқанын жеткізді.

А.Балаева бұл бастамаларды ғылыми тұрғыдан іске асыру ұлттық тарихты жаңа деректермен толықтырып, оның әлемдік тарихнамадағы лайықты орнын айқындауға мүмкіндік беретінін атап өтті. Оның айтуынша, бүгінгі басқосу – уақыт талабынан туындаған маңызды қадам. Жиын отандық және шетелдік ғалымдардың күш-жігерін тоғыстырып, іргелі ғылыми бағдарламаларды жүзеге асыруға және жас зерттеушілерге жаңа мүмкіндіктер ашуға берік негіз болмақ.

ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті

Отырысқа Жошы Ұлысының тарихы мен тарихи-мәдени мұрасын зерттеп жүрген Қазақстанның жетекші ғалымдары, академиктер мен сарапшылар, сондай-ақ тарих, археология, шығыстану, деректану, генетика және палеонтология салаларының мамандары мен жоғары оқу орны, ғылыми-зерттеу ұйымдарының ғылыми қызметкерлері қатысты.

Іс-шара қорытындысы бойынша Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұрасын зерттеудің перспективті ғылыми бағыттары айқындалып, ғылыми жобаларды үйлестіру, цифрлық зерттеу инфрақұрылымын қалыптастыру және халықаралық ғылыми ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі ұсыныстар әзірленді. Сонымен қатар, осы бағытта іске асырылып жатқан ғылыми жобалардың өзара ықпалдастығын күшейту және ұзақ мерзімді кешенді ғылыми бағдарламаларды қалыптастыру бойынша нақты ұсыныстар ортаға салынды.

Қазақстандық студенттер 2027 жылдан бастап Жапонияда тегін білім ала алады



Tokyo Metropolitan University (TMU) шетел азаматтарын Tokyo Global Partner Scholarship Program (Tokyo GP) стипендиялық бағдарламасына қатысуға шақырады. Бағдарлама дарынды студенттерге Жапонияда магистратура немесе докторантура бағдарламалары бойынша білімін жалғастыруға мүмкіндік береді.

Бағдарлама әлемнің түкпір-түкпірінен перспективалы студенттерді тартуға, сондай-ақ халықаралық білім беру және ғылыми ынтымақтастықты дамытуға бағытталған. Tokyo GP бағдарламасы аясында оқуға түсу жарнасы мен оқу ақысы, халықаралық әуе билеттерінің шығындары толық өтеледі, сондай-ақ ай сайын 150 000 жапон иенасы мөлшерінде стипендия төленеді.

Бағдарламаға Азия елдері мен өңірлерінде білім алып жатқан TMU-дың серіктес университеттерінің студенттері, сондай-ақ тиісті елдердегі ғылыми-зерттеу ұйымдарының, мемлекеттік органдар мен компаниялардың қызметкерлері қатыса алады. Білім беру Science, Urban Environmental Sciences, Systems Design, Human Health Sciences және басқа да бағыттар бойынша жүзеге асырылады. Сонымен қатар жекелеген білім беру бағдарламалары тек жапон тілінде оқытылады.

Бағдарламаға қатысу үшін:

1. Tokyo Global Partner Scholarship Program бағдарламасының ресми сайтына <https://www.ic.tmu.ac.jp/tokyogp/en/index.html> өту.

2. Tokyo Metropolitan University құрамындағы Graduate School-ды таңдау. Таңдау білім алғысы келетін бағытқа сәйкес жүзеге асырылады.

3. Master's немесе PhD деңгейіндегі білім беру бағдарламасын таңдау. Магистратураға түсу үшін бакалавр дәрежесі, ал докторантураға түсу үшін магистр дәрежесі немесе оған теңестірілген біліктілік қажет.

4. Tokyo GP бағдарламасының белгіленген талаптарына сәйкестігін тексеру. Үміткердің GPA көрсеткіші кемінде 2,30 болуы тиіс. Сонымен қатар ағылшын тілін CEFR бойынша B2 немесе одан жоғары деңгейде меңгергенін тиісті біліктілік құжаты немесе сертификаттық тест нәтижесі арқылы растауы не жапон тілін JLPT бойынша N2 немесе одан жоғары деңгейде білуі қажет. Бұдан бөлек, үміткер бағдарламаның аумақтық және серіктестік талаптарына сәйкес келуі тиіс.

5. Таңдалған Graduate School-дың Application Guidelines құжатымен танысу. Құжатта қажетті құжаттар тізімі, өтінім беру мерзімдері мен тәртібі көрсетіледі. Талаптар мен мерзімдер Graduate School және таңдалған білім беру бағдарламасына қарай ерекшеленуі мүмкін.

6. Өтінімді таңдалған Tokyo Metropolitan University Graduate School-ына белгіленген тәртіппен және көрсетілген мерзімде беру. Іріктеу және қабылдау рәсімінен өту.

7. Үміткер тиісті Graduate School белгілеген іріктеу кезеңдерінен өтеді. Іріктеу форматы мен талаптары таңдалған бағдарламаның Application Guidelines құжатында көрсетіледі.

8. Іріктеуден сәтті өткен жағдайда стипендия алу. Tokyo GP бағдарламасы қабылдау (емтихан) жарнасынан, оқуға қабылдау жарнасынан және оқу ақысынан босатуды, ай сайын 150 000 иен мөлшерінде стипендия төлеуді, сондай-ақ оқу аяқталғаннан кейін Жапонияға бару және кейін елге қайту үшін әуе билеттерінің ақысын өтеуді көздейді. Сонымен қатар университет тұрғын үй іздеуге қолдау көрсетеді.

Қаржыландыру мерзімі магистратура бағдарламалары үшін 2 жылға дейін, PhD бағдарламалары үшін 3 жылға дейін беріледі. Оқу 2027 жылғы 1 сәуірде басталады. Құжаттарды тапсырудың нақты мерзімі таңдалған Graduate School-ға байланысты белгіленеді және тиісті Application Guidelines құжатында көрсетіледі. Қатысу шарттары, қолжетімді білім беру бағдарламалары және өтінім беру тәртібі туралы толық ақпарат Tokyo Metropolitan University ресми сайтында <https://www.ic.tmu.ac.jp/tokyogp/en/index.html> орналастырылған.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ресми парақшасынан алынды



Абай күні - ой мен руханиятқа бастайтын тағылымды күн

10 тамыз - Қазақстанда Абай күні ретінде аталып өтетін, ұлт руханияты мен ой-санасы үшін айрықша мәні бар күн. Бұл дата - ұлы ақын, ойшыл, ағартушы Абай Құнанбайұлының мол шығармашылық мұрасын дәріптеп, оның терең философиялық ойларын кейінгі ұрпаққа жеткізуді мақсат етеді.

Абайдың шығармалары - бір кезеңнің ғана шежіресі емес, адамзаттың құндылықтарды арқау еткен мәңгілік мұра. Ақынның өлеңдері мен қара сөздерінде білім мен ғылымға ұмтылу, адал еңбек ету, адамгершілік, ар-ұят, мінез-құлық, елдік сана мен ұлт болашағы секілді өзекті мәселелер кеңінен қозғалады. Сондықтан хакім Абайдың тағылымы уақыт өткен сайын өзектілігін жоймай, керісінше, жаңа буынға бағыт-бағдар беріп келеді.

Осы айтулы күнге орай Махамбет университетінде Абайдың қара сөздерін оқу челленджі ұйымдастырылды. Тағылымды бастамаға университеттің профессор-оқытушылары мен құрылымдық бөлім басшылары қатысып, хакімнің өлеңдері мен қара сөздерінен үзінділер оқыды.

Челлендждің негізгі мақсаты - Абай мұрасын кеңінен

насихаттау, ақынның философиялық ойларын бүгінгі ұрпақ санасына сіңіру және университет қауымын рухани құндылықтар төңірегіне топтастыру.

Абайдың әрбір қара сөзі - адамды өзіне үңілуге, ойлануға, ізденуге шақыратын рухани бағдар. Хакімнің «толық адам» тұжырымы, білім мен еңбекке үндеген өсиеті, адамдық қасиеттерді биік қоюы бүгінгі қоғам үшін де аса маңызды.

Махамбет университетінде өткен челлендж - ұлы ойшыл мұрасын бір күндік шара аясында ғана емес, күнделікті өмірдегі рухани бағдар ретінде дәріптеудің жарқын көрінісі. Абай сөзі – ұлттың рухани темірқазығы. Оны оқу - өткенді тану ғана емес, бүгінді бағамдап, болашақты бағдарлау.

БҚУ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

Абайға арнау

Қазақтың қара сөзін қасиет еткен,
Даналықтың дара жолын өсиет еткен.
Ғасырлардан жеткен асыл сөзің,
Жүректерге жарық болып сәуле төккен.
Абай деген - қазақтың ұлы биігі,
Абай деген - ұлттың ойы, жүрегі.
«Толық адам» болуға үндеп әркез,
Ұрпағына қалдырды мол өнеге.
Қара сөзің - халықтың қазынасы,
Өлеңің - ел рухының шамшырағы.
Білім менен ғылымды ту еткенің,
Бүгінгі ұрпақ жолының бағдаршамы.
Сен айтқан ой - уақытпен өлшенбейді,
Сен жаққан от ғасырлармен сөнбейді.
Қазақ барда, сенің асыл мұраң бар,
Абай сөзі ұрпақпенен бірге өрлейді.
Ұлы дала төрінде туған дара,
Есіміңді ұлықтайды бүгін сана.
Қазақ деген халықтың рухы болып,
Жасай берші, Абай, мәңгілікке дара!

Абайға

Абай десе ойыма бір тереңдік,
Бір өзіңнен табамын мен кеңдік.
Қазақ үшін қалдырған әрбір сөзің,
Жүрегіме жол табады елжіреп.
Сен үйреттің білім іздеп талпынуды,
Жақсылыққа жүрекпенен ұмтылуды.
«Адам бол» деп үн қатқан әрбір сөзің
Жас ұрпаққа көрсетеді дұрыс жолды.
Сенің сөзің - уақыт өткен сайын жаңа,
Оқыған сайын ашылады бір сыр ғана.
Кеше айтқан ақылдың мәнін бүгін
Түсінеміз, Абай, қайта-қайта.
Қара сөзің ойландырып, тербейді,
Өлеңің де көңілдегі шерді емдейді.
Қазақ барда сенің есімің де мәңгі,
Абай рухы жүректерде өлмейді.
Мен де бүгін өз сөзіммен бас иемін,
Ұлы ақын, өзіңе алғыс айтамын.
Қалдырған мол мұраңнан нәр алып біз,
«Адам болу» жолын бірге жалғаймыз.

Абайға арнау

Абай болып туғаның - қазақ үшін бақ еді,
Сенің сөзің талай жанға жақ еді.
Жақсы менен жаманды да ажыратып,
Ақиқатты айту үшін хақ едің.
«Ғылым ізде, еңбек ет» деп үйреттің сен,
Жалқаулықтан, надандықтан жиренттің сен.
Бір ғасырдың емес, бар қазақтың
Жүрегіне өз сөзіңмен кірдің сен.
Кейде оқып өлеңіңді ойланамын,
Өзіме де жауап іздеп толғанамын.
Сен айтқан әрбір сөзің бүгінгі күнге
Арналып айтылғандай таңғаламын.
Абай, сенің асыл сөзің - жолымыз,
Өлеңіңнен танылады болмысымыз.
Ұлы ақын, ұлы ойшыл болып қана емес,
Сенсің біздің мақтанышымыз, қорғанымыз.
Жылдар өтер, заман өзгерер әлі,
Бірақ сенің сөзің ешқашан ескірмейді.
Қазақ барда Абай аты бірге жасап,
Ұлы есімі ұрпақтармен жалғаса береді.
Наргиза ТУЛЕГЕН,
ҚТӨ -23 студенті



10 тамыз – Мемлекет басшысының бастамасымен бекітілген Қазақстанда ұлы ақын, ойшыл, ағартушы, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбайұлына арналған Абай күні аталып өтеді.

Абайдың бай рухани мұрасын сақтау, жан-жақты зерделеу және кеңінен дәріптеу – мемлекеттік ғылыми саясаттың басым бағыттарының бірі. Осы мақсатта ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Абайдың өмірі, шығармашылығы, философиялық көзқарастары мен тілдік мұрасын зерттеуге арналған іргелі және қолданбалы ғылыми жобаларға жүйелі қолдау көрсетіп келеді.

Қазіргі таңда ғылымды гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында Абай мұрасын зерттеуге бағытталған 17 ғылыми жоба жүзеге асырылып, бірқатары сәтті аяқталды. Бұл зерттеулер 2020-2027 жылдар аралығын қамтып, еліміздің бес өңіріндегі 11 ғылыми ұйым мен жоғары оқу орнында жүргізіледі.

Ғылыми жобаларды іске асыруға Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттары қатысады. Зерттеулердің басым бөлігі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде жүзеге асырылып жатыр.

Сонымен қатар Nazarbayev University, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Философия, саясаттану және дінтану институты, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, «Нұр-Мүбәрак» университеті, Шәкәрім университеті және Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті де абайтану ғылымының дамуына елеулі үлес қосып келеді.

Абай мұрасын зерттеудің негізгі ғылыми орталығы – Алматы қаласы. Астана қаласы екінші ірі ғылыми орталық ретінде қалыптасып, мұнда Абай философиясы мен қазіргі көшбасшылық үлгілерін зерделеуге арналған үш ауқымды жоба жүзеге асырылады. Зерттеулер ақынның тарихи отаны – Абай облысында, сондай-ақ Түркістан және Ақтөбе облыстарында да жүргізіледі. Бұл абайтану саласындағы ғылыми ізденістердің еліміздің түрлі өңірлерін кеңінен қамтып отырғанын көрсетеді.

Ғылыми жобалар сан алуан бағыттарды қамтып, Абай тұлғасы мен мұрасының бұрын толық ашылмаған қырларын жаңа ғылыми тұрғыдан зерделеуге мүмкіндік береді.

Ғалымдар Абай дүниетанымының қалыптасу негіздерін, «Толық адам» ілімінің даму ерекшеліктерін, гуманизм философиясын және күллі адамзатқа

АБАЙ МҰРАСЫ: ЗАМАНАУИ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР ҰЛЫ ОЙШЫЛ МҰРАСЫНЫҢ ЖАҢА ҚЫРЛАРЫН АШАДЫ

деген сүйіспеншілік идеясын жан-жақты зерттеп жатыр. Жекелеген жобалар ақын шығармашылығының рухани бастауларына, оның түркі дүниесімен, шығыс философиясымен, Қожа Ахмет Ясауи мұрасымен, сондай-ақ орыс және еуропалық әдеби дәстүрлермен сабақтастығына арналған.

Әдебиеттану бағытындағы зерттеулерге де айрықша мән беріледі. Абай шығармалары алғаш рет Карл Юнгтің архетиптік теориясын қоса алғанда заманауи әдіснамалық тәсілдер негізінде көшенді зерттеледі. Соның нәтижесінде жаңа ғылыми монографиялар, шығармалардың электрондық каталогтары, поэтологиялық тезаурус және ғылыми дерекқорлар әзірленеді.

Абайтанудың цифрлық бағыты да қарқынды дамып келеді. Жобалар аясында Абай тілінің ұлттық корпусы, электрондық сөздіктер, заманауи цифрлық дерекқорлар, мәтіндерді морфологиялық және поэтикалық тұрғыдан автоматты таңбалау жүйелері, сондай-ақ ұлы ақынның барлық шығармаларын біріктіретін көпфункционалды веб-платформа әзірленеді.

Мәтінтану бағыты да маңызды орын алады. Ғалымдар Абай шығармаларының бірегей қолжазбаларын, атап айтқанда Мүрсейіттің 1905, 1907 және 1910 жылдардағы қолжазба нұсқаларын, сондай-ақ Тұрағұл қолжазбасын араб графикасынан қазіргі кирилл әліпбиіне түсіру жұмыстарын жүргізіп жатыр. Сонымен қатар Абай мен Шәкәрім тілінің тарихи-салыстырмалы ерекшеліктері зерттеліп, ақынның авторлық стилі мен сөз қолданысына ғылыми талдау жасалады.

Зерттеу нәтижелерін тәжірибеге енгізу де басым бағыттардың бірі саналады. Қазіргі талаптарға сай «Қара сөздердің» жаңа ғылыми аудармасы әзірленіп, мектептерде қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі жетілдіріледі. Сондай-ақ білім беру бағдарламалары жаңартылып, Абай философиясын мамандар даярлау жүйесіне енгізудің заманауи тәсілдері әзірленеді.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен жүзеге асырылып жатқан бұл зерттеулер Абайдың философиялық, әдеби және рухани мұрасын тереңірек тануға ғана емес, оны заманауи ғылыми әдістер, цифрлық технологиялар мен білім беру тәжірибелері арқылы жас ұрпаққа кеңінен насихаттауға мүмкіндік береді.

Абайтануды мемлекеттік деңгейде жүйелі қолдау ұлттық зияткерлік мұраны сақтауға, гуманитарлық ғылымның дамуына және Абайдың Қазақстанның рухани мәдениеті мен әлемдік гуманистік ой кеңістігіндегі айрықша орнын одан әрі нығайтуға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ресми парақшасынан алынды

Jective командасы республикалық хакатонда



М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ІТ білім беру бағдарламаласының студенттерінен құралған Jective командасы университет намысын «AFM AI Hackathon-2026» республикалық жарысында қорғады. Бұл - жасанды интеллект, цифрлық қауіпсіздік, деректерді талдау және қаржылық қылмыстардың алдын алуға арналған AI-шешімдерді әзірлеуге бағытталған ауқымды байқау. Іс-шара Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі ұйымдастыруымен 24–25 маусым күндері Алматы қаласындағы Farabi Hub алаңында, 400 астам еліміздің түкпір-түкпірінен келген талантты жасанды интеллект мамандарын біріктірді.

Университет командасы AI Media Watch бағыты бойынша жұмыс істеп, әлеуметтік желілер мен ашық дереккөздердегі қаржы пирамидалары мен заңсыз ойын бизнесінің белгілерін автоматты түрде анықтайтын интеллектуалды жүйені әзірледі. AFM AI Hackathon-ға қатысу студенттер үшін өз білімдерін тәжірибеде қолдануға, нақты мемлекеттік міндеттерді шешуге атсалысуға және Қазақстандағы жасанды интеллект технологияларының дамуына үлес қосуға үлкен мүмкіндік береді.

Jective HUB - AGROFEST 2026 фестивалінде!

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Коммерцияландыру бөлімі жанынан құрылған Jective HUB (Бәйтерек ауданында Сұлукөл ауылы) өткен өң ірі AGROFEST аграрлық фестиваліне қатысты. Іс-шараның ұйымдастырушысы - ауыл шаруашылығы саласының кәсіпкері Армат Бисенов.



Фестиваль ІТ-саласының дәстүрлі агроиндустрияны жылдам өзгертіп жатқанын көрсетті. Шаршы алаңда озық технологиялық шешімдер ұсынылды: ресурстарды тиімді басқаруға және өнімділікті арттыруға мүмкіндік беретін Alatai Agro егіншілік жүйесі, сондай-ақ алқаптарды жоғары дәлдікпен өңдеуге арналған ауқымды DJI ауылшаруашылық дрондары. Цифрландыру ғылымды белсенді дамыту және университеттің әзірлемелерін коммерцияландыру кезінде инновациялық жобалардың айтарлықтай алға жылжытынын дәлелдейді. Ғылыми шешімдерді нақты секторға біріктіру - АӨК-ті цифрландырудың, оның тиімділігін арттырудың және нәтижесінде Қазақстан экономикасын нығайтудың жолы!

Екі күнге созылған семинарда мамандар келесі өзекті тақырыптарды талқылады:

- Ғылыми жобалар мен өнертабыстарды заңды түрде қорғау;
- Халықаралық және отандық патент алудың тиімді жолдары.

Университет ғалымдарының еңбектерін коммерцияландыру (нарыққа шығару). Мұндай оқулар біздің университеттегі жаңа ғылыми жаңалықтар мен инновациялық жобалардың құқықтық тұрғыдан сауатты қорғалуына және отандық ғылымның дамуына үлкен септігін тигізед.

Ғылыми идеяның қорғаны - патент

Жуырда Алматы қаласында Kazpatent-тің ұйымдастыруымен «Қазақстан Республикасындағы Патенттік құқық объектілерін құқықтық қорғау» атты екі күндік маңызды оқыту семинары өтті. Бұл іс-шараға М.Өтемісов атындағы БҚУ Коммерцияландыру орталығының мамандары арнайы қатысып, зияткерлік меншік пен патенттік құқық саласындағы білімдерін жетілдірді.



Новый этап развития научной инфраструктуры университета

В рамках развития Центра академического и исследовательского превосходства Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова продолжает последовательно укреплять научно-исследовательскую инфраструктуру, оснащая подразделения современным высокотехнологичным оборудованием.

Приобретение нового оборудования направлено на расширение возможностей проведения гидрографических, геодезических и экологических исследований, а также на повышение качества научной деятельности и практической подготовки студентов, магистрантов и молодых ученых.

В университет поступили следующие современные комплексы и приборы:

CHCNAV Apache 4 PRO - беспилотный гидрографический дрон для выполнения батиметрических съемок и обследования водных объектов;

CHCNAV RiverStar RS-600 (ADCP) - акустический доплеровский профилограф течений для измерения скорости и направления водных потоков, расчета расхода воды и проведения гидрологических исследований;

CHCNAV HQ-400 - многолучевой эхолот, обеспечивающий высокоточное исследование рельефа дна и создание цифровых моделей водных объектов;

CHCNAV iBase - интегрированная GNSS RTK базовая станция для выполнения высокоточных геодезических и инженерно-изыскательских работ.

Особое значение для региона имеет внедрение гидрографического дрона CHCNAV Apache 4 PRO. Использование беспилотных технологий позволит осуществлять комплексный мониторинг состояния рек, озер и водохранилищ, получать актуальные данные о водных ресурсах и проводить исследования, направленные на решение актуальных экологических и гидрологических задач.

Введение в эксплуатацию нового оборудования создаёт дополнительные возможности для реализации научных проектов, проведения полевых исследований и подготовки квалифицированных специалистов в области гидрографии, геодезии, экологии и управления водными ресурсами.



Развитие современной исследовательской инфраструктуры является важным шагом в укреплении научного потенциала университета и способствует устойчивому развитию региона на основе передовых технологий и научных знаний.



Современное образование функционирует в условиях избыточного информационного потока. При этом академические тексты и школьные учебники зачастую перегружены сложными синтаксическими конструкциями, обилием метафор и абстрактной терминологией. Согласно исследованиям в области когнитивной психологии, это создает барьер для восприятия информации не только у детей с особыми образовательными потребностями (ООП), но и у обучающихся с нормотипичным развитием, вызывая системную «когнитивную перегрузку».

Инновационная образовательная среда нового поколения требует внедрения технологий, делающих знание доступным. Одной из таких методик является **Easy-to-Read (простое чтение)** — стандартизированная система адаптации текстовой и визуальной информации, направленная на облегчение восприятия текста.

В то же время современные образовательные организации стремятся не просто передавать факты, но и развивать у обучающихся гибкие навыки (**soft skills**): критическое мышление, умение выделять главное, автономность и навыки самостоятельного обучения. Эффективным цифровым инструментом, объединяющим эти задачи, выступает интеллектуальная ИИ-платформа NotebookLM.

Платформа NotebookLM (разработка Google Labs на базе языковой модели Gemini) представляет собой персонализированный ИИ-блокнот, который работает строго в рамках загруженных пользователем источников. В контексте реализации принципов Easy-to-Read NotebookLM открывает разные возможности, например, использование данной платформы позволяет преподавателю оперативно создавать дифференцированные учебные материалы, снижая когнитивную нагрузку на учащихся и способствуя созданию инклюзивного образовательного пространства.

Великобритания (в частности, Англия) является одним из мировых лидеров в сфере нормативного регулирования доступности информации. Обязанность предоставления адаптированных материалов закреплена на государственном уровне законом The Equality Act 2010 и стандартом Accessible Information Standard (AIS).

NotebookLM: инновационная образовательная среда нового поколения с применением методики Easy-to-Read

В статье рассматриваются возможности использования интеллектуальной платформы NotebookLM в современной образовательной среде. Анализируются особенности интеграции технологий искусственного интеллекта, методики Easy-to-Read (простое чтение) и инструментов развития гибких навыков (soft skills) обучающихся. Особое внимание уделяется вопросам инклюзивного образования и международному опыту в сфере внедрения цифровых образовательных технологий, полученному автором в ходе стажировки в Англии. В работе представлены результаты педагогического эксперимента, проведенного на базе 6-х классов Каратюбинской школы-гимназии, а также со студентами академических групп Юр-11 и НО(ИР)-11 ЗКУ им. М. Утемисова. Экспериментально подтверждена эффективность синергии искусственного интеллекта и текстовой адаптации для снижения когнитивной нагрузки обучающихся, минимизации механического зазубривания (rote learning) и выравнивания академической успеваемости.

Согласно данным документам, любая ключевая информация, включая образовательный контент, должна быть доступна гражданам с когнитивными или ментальными особенностями.

Британские профильные организации, такие как Change и Менса, разработали детальные национальные руководства по созданию материалов в формате Easy-to-read. В английских школах тексты делятся на уровни сложности не только по возрасту, но и по степени когнитивной доступности. Британские исследователи отмечают, что использование упрощенных синтаксических структур и жестко регламентированной визуальной поддержки (символы, инфографика) снижает уровень академической тревожности у подростков в среднем на 34%.

Для проверки эффективности британского опыта в условиях отечественной общеобразовательной школы в 2025–2026 учебном году был проведен педагогический эксперимент на базе средних 6-х классов Каратюбинской школы-гимназии под руководством опытного учителя по русскому языку и литературы Кдыргужиной Ляззат Ескиндиоровны.

Обучающиеся были разделены на две однородные группы:

1. Контрольная группа (30 учеников): изучали материал по теме «Легенда о Домбре: как музыка победила смерть» с использованием стандартного текста академического школьного учебника.

2. Экспериментальная группа (30 учеников): изучали ту же тему по материалу, адаптированному по правилам Easy-to-read (короткие предложения, визуальный момент в идее комиксов, аудио и видео помощники, глоссарий трудных терминов на полях, увеличенный шрифт без засечек и пошаговая инфографика).

После изучения материала обе группы выполнили идентичный проверочный тест (тесты были составлены с помощью NotebookLM из 10 вопросов на понимание сути процессов, 5 вопросов на воспроизведение терминов) и прошли анкетирование на выявление уровня субъективной усталости. Ученики экспериментальной группы приступали к заданию с большей готовностью. Деление

на короткие абзацы и обилие «воздуха» на странице снижали первоначальный страх перед большим объемом информации.

В то время как контрольная группа механически запоминала и воспроизводила формулировки, учащиеся из группы Easy-to-read смогли объяснить сложные процессы своими словами. Рост правильных ответов на концептуальные (смысловые) вопросы в этой группе составил 24%. Методика существенно сгладила разницу между сильными и слабоуспевающими учениками, подтянув общую успеваемость класса к более однородному высокому уровню. Аналогичные педагогические эксперименты были проведены в высшем учебном заведении (ЗКУ им. М. Утемисова) в академических студенческих группах Юр-11 (специальность «Юриспруденция») и НО(ИР)-11 (специальность «Начальное образование»).

В обеих студенческих группах ЮР-11 и НО(ИР)-11 зафиксирован выраженный положительный результат: процент усвояемости информации и переход от механического зазубривания (rote learning) к осознанному воспроизведению своими словами свидетельствует о том, что формат Easy-to-read способствует формированию прочных ментальных моделей изучаемых явлений.

Опыт Англии и результаты проведенного школьного и вузовского эксперимента подтверждают: методика Easy-to-read в синергии с технологиями искусственного интеллекта (NotebookLM) — это не просто специализированный инструмент для инклюзивных классов, а базовая технология для формирования инновационной образовательной среды нового поколения. Адаптация учебных материалов разгружает рабочую память подростков, перенаправляя их когнитивный ресурс с процесса «декодирования» сложных лингвистических конструкций на глубокое осмысление сути предмета. Внедрение подобных стандартов и ИИ-инструментов в практику разработки современных цифровых учебных пособий является одним из наиболее перспективных направлений модернизации среднего и высшего образования.

С.С. АЛЬМУРЗИНА,
старший преподаватель, магистр ЗКУ им.М.Утемисова

«MYRESEARCH ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАСЫ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ

Қазіргі жоғары білім беру жүйесінде болашақ педагог мамандардың ғылыми-зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру – кәсіби даярлықтың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Зерттеушілік құзыреттілік студенттің ғылыми мәселені анықтау, болжам жасау, деректер жинау, талдау жүргізу және қорытынды шығару қабілеттерінің жиынтығын қамтиды.

Білім беру беру топтарының ІР білім беру бағдарламаларында «Білім беру туралы ғылым және оқытудың негізгі теориялары» және «Педагогикалық зерттеулер» пәндері студенттердің ғылыми-зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруда негізгі рөл атқарады. Осыған байланысты оқу процесінде инновациялық тәсілдерді, соның ішінде жасанды интеллект құралдарын қолдану қажеттілігі туындайды. Цифрлық технологиялардың дамуына байланысты зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда онлайн платформаларды қолдану кең таралуда. Осындай платформалардың бірі - Base44 негізінде Myresearch. base44 <https://myresearch.base44.app> сайтын жасақтадым. Бұл платформа студенттерге ғылыми зерттеу жұмысын жүйелі түрде орындауға мүмкіндік береді. Платформа зерттеу процесін бірнеше кезеңге бөліп, әр қадамды

ретімен орындауға бағыттады. Сонымен қатар ChatGPT, Grammarly, QuillBot, Semantic Scholar сияқты т.б жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдалануға жағдай жасайды.

Myresearch.base44 – ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған цифрлық орта. Платформаның басты ерекшелігі – зерттеу процесін құрылымдау және студентке қадамдық нұсқаулық беру. Платформа келесі мүмкіндіктерді қамтиды:

- Жеке деректерді енгізу;

- Зерттеу тақырыбы мен мақсатын анықтау;
- Деректер жинау және талдау;
- AI құралдарын қолдану;
- Академиялық талаптарды сақтау;
- Рефлексия жүргізу;
- Қосымша материалдарды жүктеу.

Оқыту формалары мен технологиялары
Платформада зерттеу жұмысы жеті негізгі кезеңнен тұрады.

1-кесте. Зерттеу жұмысының кезеңдері

Зерттеу жұмысының кезеңдері	Сипаттамалары
1-кезең – Жеке деректерді енгізу	Бұл бөлімде студент өз аты-жөнін, тобын және пәнін көрсетеді. Бұл зерттеу жұмысының ресми басталу кезеңі болып табылады.
2-кезең – Тақырып пен мақсатты анықтау	Студент зерттеу тақырыбын таңдап, мақсаты мен міндеттерін нақтылайды. Бұл кезең зерттеу бағытын айқындауға көмектеседі.
3-кезең – Зерттеу жұмысын орындау	Зерттеу барысында проблема анықталып, деректер жиналады және талданады. Диаграмма мен кестелер арқылы нәтижелер визуализацияланады.
4-кезең – Жасанды интеллект құралдарын қолдану	Бұл бөлімде студент ChatGPT, Grammarly, QuillBot, Semantic Scholar сияқты құралдарды қолданады. AI құралдары мәтінді тексеруге, идея қалыптастыруға және ғылыми стильді сақтауға көмектеседі.
5-кезең – Академиялық дағдылар	Студент плагиатты тексеріп, сілтемелерді дұрыс рәсімдеуге және ғылыми стильді сақтауға назар аударады.
6-кезең – Рефлексия	Бұл кезеңде студент өз жұмысына талдау жасап, қиындықтар мен жетістіктерді анықтайды.
7-кезең – Файлдарды жүктеу	Соңғы кезеңде презентация, мақала және қосымша материалдар платформаға жүктеледі.

IMRAD және кейс-технология: ғылыми мақала жазуды үйретудің тиімді жолы

Келесі буын мамандарын даярлау зерттеу мәдениеті мен академиялық жазу дағдыларын дамытумен тығыз байланысты. Жоғары білім берудегі халықаралық үрдістер химик-мамандарын және мұғалімдерін даярлау мамандығының түлегі тек пәндік білімге ғана ие болып қоймай, сонымен қатар ғылыми мәтіндерді құрылымдай білуі, дереккөздерді дәл келтіре білуі және зерттеу нәтижелерін ғылыми қоғамдастық қабылдаған форматтарда ұсына білуі керек екенін көрсетеді.

«Ғылыми-зерттеу жұмыстарының негіздері мен әдістемесі» курсы ғылыми құжаттарды жасаудың толық циклін — рефераттан академиялық мақалаға дейін — меңгеруге бағытталған тәжірибеге бағытталған курс ретінде әзірленді. Сандық құралдарды білім беру процесіне жүйелі түрде қалай енгізуге болатыны, студенттердің тәуелсіз баспаға көшуіндегі кедергілерді азайту мәселесі ерекше өзекті болып табылады.

Бұл мақаланың мақсаты - сандық платформаларды кешенді пайдалануға негізделген зерттеу курсының әдіснамалық моделін сипаттау және бакалавр дәрежесінің алғашқы жылдарында студенттердің академиялық құзыреттіліктерін дамыту әлеуетін көрсету.

Зерттеу курсы химия мамандығы бойынша оқитын екінші курс студенттері үшін 15 академиялық апта бойы өткізілді. Курс күрделіліктің арту принципіне сәйкес құрылымдалды: реферат құрылымынан бастап халықаралық деңгейде танылған академиялық мақалаға дейін. Көптеген сараптамалық журналдар ұсынған IMRAD (Kipisce, Әдістер, Нәтижелер және Талқылау) әдіснамасы негізгі құрылымдық модель ретінде пайдаланылды.

Курстың әрбір компонентін жүзеге асыру үшін мамандандырылған цифрлық құралдар пайдаланылды:

Jenni AI (jenni.ai) — IMRAD құрылымын меңгергені және академиялық жобаларды жасағаны, кейіннен студенттің сыни редакциялағаны үшін;

Paperpal (paperpal.com) — академиялық сауаттылықты, стильді және ағылшын тіліндегі мәтіннің ғылыми стандарттарға сәйкестігін тексеруге арналған;

QuillBot (quillbot.com) — академиялық стильді сақтай отырып, дереккөздерді қайталау және қайта тұжырымдау үшін;

Mendeley (mendeley.com) — библиографияларды басқару, сілтемелер тізімдерін жасау және әртүрлі стильдердегі дәйексөздерді түзету үшін (APA, Ванкувер, IEEE);

Google Scholar, Scopus, ResearchGate және Research Rabbit — тиісті дереккөздерді табу, дәйексөздерді талдау және байланысты басылымдардың карталарын құру үшін;

Oreate — мақала бөлімдеріне арналған кәсіби инфографика, сызбалар және диаграммалар жасау үшін;

NotebookLM (notebooklm.google) — визуалды құрылымдалған презентациялар жасауға және ғылыми материалдар бойынша жазбалар жасауға арналған.

Бұл мақалада педагогика мамандығы бойынша оқитын екінші және үшінші курс студенттерінің академиялық құзыреттіліктерін дамыту үшін сандық құралдарды пайдалана отырып, «Зерттеу жұмысы» (ЗЖ) курсын оқыту тәжірибесі ұсынылған. Мақсаттар, әдістер, қолданылатын платформалар және оқу нәтижелері сипатталған. Онда академиялық жазу және баспа құралдарын жүйелі түрде меңгеру студенттерге халықаралық стандарттарға сәйкес келетін ғылыми мәтіндерді өз бетінше жасауға мүмкіндік беретіні көрсетілген.

Әрбір студенттің соңғы өнімі MDPI (Көпсалалы сандық баспа институты) журнал үлгісіне сәйкес форматталған өздігінен жазылған академиялық мақала болды — бұл рецензияланған, ашық қолжетімді журналдардың ең ірі баспагерлерінің бірі. Басылымға емес, қолжазбаны дайындаудың бүкіл циклін меңгеруге баса назар аударылды: IMRAD бойынша құрылымдау, үлгімен жұмыс істеу және библиография дайындау.

15 апталық курс аяқталғаннан кейін барлық студенттер өздерінің қорытынды жұмыстарын академиялық мақала форматында сәтті тапсырды. Нәтижелерді талдау келесіні анықтады:

IMRAD құрылымын меңгеру: қатысушылардың 100%-ы өз жұмыстарын Kipisce, Әдістер, Нәтижелер және Талқылау бөлімдеріне дұрыс бөліп, мақсаттарды тұжырымдап, зерттеудің өзектілігін негіздей алды.

Әдебиетпен жұмыс істеу: Mendeley-ді Google Scholar, Scopus және Research Rabbit бағдарламаларымен бірге пайдалану студенттерге тек тиісті дереккөздерді табуға ғана емес, сонымен қатар берілген дәйексөз стилінде библиографияны өз бетінше пішімдеуге мүмкіндік берді.

Академиялық жазу: Paperpal және QuillBot бағдарламаларын пайдалану академиялық жазу сапасының айтарлықтай жақсаруына, стилистикалық қателіктердің азаюына және логикалық ағымның жақсаруына әкелді.

Деректерді визуализациялау: Oreate бағдарламасын пайдалана отырып, студенттер кәсіби сапалы суреттер мен кестелерді құра алды, олар өзара бағалау талаптарына сай келеді.

MDPI үлгісімен жұмыс істеу: Студенттер қолжазбаларды халықаралық журнал стандарттарына сәйкес пішімдеуді үйренді, бұл болашақ жариялау қызметіне психологиялық кедергіні жойды.

Алынған нәтижелер академиялық жазуды оқытуда цифрлық құралдардың тиімділігін көрсететін халықаралық зерттеулерге сәйкес келеді [6, 7]. Жасанды интеллект көмекшілерін (Jenni AI, Paperpal) біріктіру студенттердің тәуелсіз ойлауын алмастырмайды, керісінше, студенттің құзыреттілігі өскен сайын біртіндеп жойылатын интеллектуалды тірек ретінде әрекет етеді.

Ең бастысы, «Ғылыми-зерттеу жұмыстарының негіздері мен әдістемесі» курсы платформалармен жұмыс істеудің техникалық дағдыларын ғана емес,

сонымен қатар зерттеушілік ойлауды да дамытады: мәселені тұжырымдау, дереккөздерді таңдау, әдебиеттерді сыни талдау және дәлелдерді логикалық тұрғыдан құрылымдау қабілеті. Бұл әсіресе болашақ мұғалімдер үшін маңызды, олар өздерінің кәсіби жұмыстарында студенттеріне зерттеу мәдениетін үлгі етеді.

Анықталған шектеулердің ішінде оқуға түсу кезіндегі студенттердің цифрлық сауаттылық деңгейінің біркелкі еместігін, сондай-ақ ағылшын тіліндегі платформалармен жұмыс істеу кезінде қосымша қолдау қажеттілігін атап өткен жөн. Бұл факторлар курсты жоспарлау кезінде ескеруді қажет етеді және цифрлық дағдыларды қатар дамыту қажеттілігін көрсетеді.

«Ғылыми-зерттеу жұмыстарының негіздері мен әдістемесі» пәнін сандық құралдар жиынтығын пайдаланып оқытудың ұсынылған тәжірибесі оқыту мамандығы бойынша оқитын студенттердің академиялық құзыреттіліктерін дамытудағы бұл тәсілдің жоғары тиімділігін көрсетеді. IMRAD әдіснамасы сандық платформалардың экожүйесімен біріктіріліп, академиялық жазуды саналы және практикалық бағытта оқытуға жағдай жасайды.

Болашақта зерттеу курсы міндетті курс ретінде екінші курс студенттерін қамту үшін кеңейтілуі мүмкін, бұл студенттердің бакалавриаттағы оқуының басында жүйелі даму траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, курсты аяқтағанға дейін және аяқтағаннан кейін студенттердің жұмыс сапасын салыстырмалы талдау элементтерін енгізу, сондай-ақ осы модельді Қазақстанның басқа университеттерінде қайталауға бағытталған оқытушыларға арналған әдістемелік ұсыныстар әзірлеу жоспарлануда.

Курсты одан әрі дамыту нақты әлемдегі баспа тәжірибелерін біріктіруді қамтиды — студенттерге индекстелген журналдарға мақалалар жіберуге қолдау көрсету — бұл ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар саласын жас зерттеушілердің халықаралық ғылыми дискурсқа толық қатысуы үшін іске қосу алаңына айналдырады.

Б.М. КУСАИНОВА,

Биология, химия және қоршаған орта ғылымдары кафедрасының аға оқытушысы



ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

Студенттер үшін Myresearch.base44 платформасы зерттеулерін жүйелі ұйымдастыруға, деректерді талдауға және AI құралдарын тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Платформаға жүргізілген зерттеу жұмыстарын тіркеп, сақтап қоятын мүмкіндікке ие болады.

Келесідей ғылыми зерттеу жұмыстары орындалды. Мысалы, «Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру» тақырыбындағы зерттеу жұмысында «Кішкентай ғалым: Зерттеу жұмысын қалай жасау керек?» қадамдық нұсқаулығы және оқушыларға арналған «Менің зерттеу күнделігім» (<https://heyzine.com/flip-book/9da5e8676f.html>), <https://heyzine.com/flip-book/18e034b3f4.html>) жобасы әзірленді. Бұл әдістемелік кешеннің ерекшелігі — оқушы кітапша арқылы зерттеудің теориялық негіздерін меңгерсе, зерттеу күнделігі арқылы сол білімді практикалық іс жүзінде, нақты қадамдармен жүзеге асырады. «Балалардың тілінің кеш дамуын түзетуде нейрожаттығулар мен жасанды интеллект мүмкіндіктері» тақырыбындағы бұл зерттеу жұмысымызда нейрожаттығулар мен AI құралдарының тиімділігі қолданылды. Нейрожаттығулар мен артикуляциялық жаттығулар үлгі ретінде арнайы карточкалар дайындайды <https://heyzine.com/flip-book/cf7d0401be.html>.

Ғылыми жұмыс жазу барысында біз бірнеше AI

құралдарын қолданамыз:

- QuillBot ағылшын тілінде мәтінді қайта жазуға, синонимдермен алмастыруға және ғылыми стильге келтіруге көмектеседі.

MyBib әдебиеттер тізімін дұрыс рәсімдеуге мүмкіндік береді.

- ChatGPT зерттеу идеясын қалыптастыруға көмектеседі. Бұл құралдар студенттің ғылыми жұмысын сапалы орындауына ықпал етеді.

- Genially — бұл онлайн платформа, оның көмегімен студенттер қарапайым презентациядан бөлек интерактивті материалдар жасай алады. Бұл құрал әсіресе курстық жұмыс, жоба қорғау немесе сабақта қызықты презентация жасау үшін өте ыңғайлы.

- Semantic Scholar (Семантикалық Ғалым) — бұл тегін, жасанды интеллект (ЖИ) технологияларына негізделген ғылыми-зерттеу іздеу жүйесі. Оның негізгі мақсаты — ғылыми әдебиеттерді (мақалалар, баяндамалар, диссертациялар) іздеуді және оларды талдауды жеңілдету.

Genially платформасы оқу материалдарын көрнекі әрі қызықты түрде ұсынуға мүмкіндік беріп, студенттердің оқу мотивациясы мен белсенділігін арттыруға ықпал етеді. «Педагогикалық карта» тапсырмасы ұсынылған болатын. <https://view.genially.com/699569ce6e44dcbd1ab1e8e0>

Мағжан Жұмабаевтың тәрбие туралы идеялары

негізінде ЖИ көмегімен жасалған анимациялық мультфильм ұсынылады. Бастауыш сынып оқушыларына тәрбиелік және танымдық материал ретінде қолдануға болатындығы көрсетіледі <https://q-me-qr.com/10auslru>.

Қорытындылай келе, Myresearch.base44 платформасы ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда тиімді цифрлық құрал болып табылады. Платформа зерттеу процесін құрылымдап, студенттің академиялық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жасанды интеллект құралдарын орынды қолдану зерттеу сапасын арттыруға көмектеседі. Сондықтан мұндай платформаларды білім беру процесінде қолдану қазіргі заман талабына сәйкес келеді.

Ж.Ж. НӘБИЕВА,
аға оқытушы, магистр



Руханият – адамның ішкі дүниесінің байлығы, ойының тереңдігі, жүрегінің жылуы, ар-ұяты мен адамгершілік қасиеттерінен көрінетін рухани өлшем. Рухани кемел тұлға жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтеп, ізгілікке ұмтылады, әділеттілікті ту етіп, айналасына мейірім мен қайырымдылық танытады. Руханият адам бойына әдебиет пен өнер, халық даналығы мен салт-дәстүр, мәдениет, ғылым мен білім арқылы сіңеді. Мәдениет – сан алуан құндылықтардың бірлігі ғана емес, адамды рухани еркіндікке бастайтын күш. Ал білім – қоғам дамуының берік негізі болса, тіл – ұлттың аса қастерлі рухани байлығы. Сол себептен де жас ұрпақтың ана тілін құрметтеуімен қатар, өзге тілдер мен мәдениеттерге құрметпен қарауы да аса маңызды. Осы рухани арнаның темірқазығы – қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлының мұрасы.

АБАЙДЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІ –

Тұлғаның рухани дамуы мәдениетте айрықша рөл атқармақ. Өйткені руханилығы жоғары тұлғалары бар қоғам ғана жоғары дамыған мәдениет жасай алары даусыз. Жеке тұлғаның рухани дамуы халықтың санасымен, психологиясымен, саяси белсенділігімен ұштаса өріледі. Қоғамның қалыпты рухани дамуы әлеуметтік құрылымға, әр түрлі топтарға, олардың әрекет аясына сөзсіз өзгерістер енгізбек. Мәдениетті тұлға рухани бастаулардан нәр алатын қоғамда ғана қалыптасады. Рухани байлығы мол тұлға ғана шынайы мәдениеттің дамуына көл-көсір үлес қоса алады. Осы тұста білім – қоғам дамуының ұстыны, ал тіл – аса қадірлі рухани байлық. Тілдің мәдениеттегі рөлі орасан. Демек, бүгінгі жастарымыздың ана тілін білуі, өзгелердің тілдерін құрметтеуі – парыз іс.

Абай Құнанбайұлы – қазақ әдебиеті мен философиясының классигі, ағартушы, ұлт руханиятын биік деңгейге көтерген ойшыл. Оның шығармаларындағы басты мәселелердің бірі – адам болмысы, адамның өзін-өзі жетілдіруі, білім мен ғылымға ұмтылысы, адамгершілік пен әділетті жоғары қоюы. Абайдың «Толық адам» ілімі – адамды жан-жақты жетілдіруге бағытталған терең философиялық әрі тәрбиелік тұжырым. Ойшыл үшін адам болып туу – табиғи құбылыс, ал адам болып қалыптасу – үздіксіз рухани еңбек пен тәрбиенің нәтижесі. Абай адам кемелдігін ақыл, қайрат және жүрек үйлесімі арқылы түсіндіреді. Ал бұл үш қасиеттің дұрыс бағытта қалыптасуына ғылым мен білім жол көрсетеді. Абайдың «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек» деген сөзі осы тұжырымның өзегін айқын аңғартады. Ақыл – адамға дұрыс жолды тануға, дүниені түсінуге, жақсы мен жаманды ажыратуға мүмкіндік береді. Қайрат – сол дұрыс жолмен жүруге күш береді. Ал жүрек – адамның адамгершілік өлшемін айқындайды. Жүректе мейірім, махаббат, иман, әділет болуы тиіс. Ғылым мен білім осы қасиеттердің барлығын жетілдіретін рухани күш ретінде көрінеді. Абай үшін ғылым – дүниені танудың, надандықтан арылудың, қоғамды алға бастаудың жолы. Демек, осы үрдісте ұлы ақын «Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба...» деп жастарды білімге, талапқа, еңбекке, терең ойға, қанағат пен рақымға шақырады. Абайдың «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» деген өсиеті де бүгінгі жас ұрпақ үшін маңызын жойған жоқ. Өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, бекер мал шашу сияқты қасиеттерден аулақ болып, талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым секілді асыл қасиеттерді бойға сіңіру – адамдық кемелденудің берік негізі.

Абай шығармаларында білім мен тәрбие бір-бірінен ажыратылмайды. Білімді болу – адамның ақылын жетілдірсе, адамгершілік сол білімді ізгілікке бағыттайды. «Интернатта оқып жүр» өлеңінде де ақын жастардың білім алуының мақсатын терең түсінуге шақырады. Оқудың мәні – жай ғана кәсіп тауып, дүниеге жету емес, елге пайдасы тиетін саналы азамат болу. Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген сөзі осыны меңзейді.

Бүгінгі қоғамда дипломы бар маман көп болуы мүмкін. Бірақ елге шын пайда әкелетін азамат болу үшін кәсіби біліммен бірге адамдық қасиет, жауапкершілік, ар-ұят, еңбекқорлық қажет. Демек, «Толық адам» дегеніміз – тек білімді адам емес, білімін адам игілігіне жұмсайтын, ақылын әділетке, қайратын еңбекке, жүрегін мейірімге бағыттайтын тұлға.

Қазақ дүниетанымында «адамдық» пен «кісілік» ұғымдарының орны ерекше. Адамдық – мейірімділік, адалдық, әділдік, жанашырлық, ар-намысты жоғары қою сияқты қасиеттердің жиынтығы. Ал кісілік – адамның тұлғалық мәдениетін, мінезін, дүниетанымын, жауапкершілігін танытатын өлшем. Кісілікті адам сөз бен істің бірлігін сақтайды, уәдеге берік болады, үлкенді құрметтеп, кішіге ізет көрсетеді. Өз пайдасын ғана ойламай, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінеді. Абай ілімінде білім мен адамгершілік осылайша өзара сабақтасады. Білім ақылды жетілдіреді, тәрбие мінезді қалыптастырады, ал адамгершілік білімді ізгі мақсатқа бағыттайды. Демек, білімді адам болу бір бөлек те, адамдық деңгейге көтерілу – одан да биік міндет.

Ынсап – адамгершіліктің өлшемі. Толық адам бейнесін сөз еткенде, Абай дүниетанымындағы ынсап ұғымына да тоқталған жөн. Ынсап – қанағатшылдық, ұят, ар-намыс, әділдік, шүкіршілік секілді қасиеттерді біріктіретін ұғым. Ынсапты адам барға қанағат етеді, ашкөздікке салынбайды, адал мен арамның арасын ажыратады. Қанағат, ұят, ұждан, әділет, шүкіршілік – адамды ішкі тұрғыдан ұстап тұратын рухани тіректер. Халық даналығында «Ынсапсызда ұят болмайды» деген сөз бар. Бұл – адамдықтың тамыры ішкі тәртіп пен ар-ұятта жатқанын аңғартатын тағылымды тұжырым.

Өзін-өзі тану – кемелденудің бастауы. Абай



іліміндегі тағы бір маңызды мәселе – адамның өзін-өзі тануы және өзін-өзі тәрбиелеуі. Ұлы ойшыл адамның өзіне есеп беріп отыруын, мінезін бақылауын, кемшілігін мойындап, оны түзетуге ұмтылуын талап етеді. Ғұламаның «Күнінде бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзіңнен өзің есеп ал» деген сөзі осы рухани талаптың мәнін ашады. Өзін таныған адам өзінің артықшылығы мен кемшілігін ажыратады, өмірлік мақсатын айқындайды, мінезін түзейді, өз

әрекетіне жауапкершілікпен қарайды. Абайдың «Толық адам» жолы сыртқы бақылаудан бұрын ішкі бақылауға негізделеді. Адамның шынайы тәрбиесі оның өз-өзіне қоятын талабынан басталады. Бұл қағида қазіргі жастар үшін де аса маңызды. Ақпарат көп, мүмкіндік мол заманда адамның сыртқы жетістікке ғана ұмтылып, ішкі дамуды ұмытып кетуі мүмкін. Демек, бүгінгі жасқа кәсіби біліммен қатар өзін-өзі тану, уақытын тиімді пайдалану, мақсат қоя білу, өз мінезін тәрбиелеу мәдениеті қажет.

Нәпсіге қарсы тұру – кісілік шарты. Абай адамдық жолындағы басты кедергілердің бірі ретінде нәпсіні көрсетеді. Нәпсі адамды жалқаулыққа, мақтанға,



дүниеқоңыздыққа, мансапқорлыққа, өзімшілдікке жетелеуі мүмкін. Ал кісілік жолын таңдаған адам еңбекқорлықты, қарапайымдылықты, әділеттілікті, қанағатты жоғары қояды. Бұл жерде ақыл, қайрат пен жүректің үйлесімі ерекше мәнге ие. Ақыл дұрыс жолды танытады, қайрат сол жолмен жүруге күш береді, жүрек адамгершілік өлшемін сақтайды. Үшеуі біріккенде ғана тұлға ішкі тұтастыққа жетеді.

Тектілік – мінездің асылдығы. Қазақдүниетанымында «тектілік» ұғымы да айрықша орын алады. Тектілік тек шежіреге немесе ата-бабаға байланысты ұғым емес. Оның терең мәні адамның рухани және адамгершілік қасиетінде. Текті тұлға ар-ұятты жоғары ұстайды, сөзіне берік болады, әділеттен айнымайды, үлкенді сыйлап, кішіге қамқорлық танытады. Абай танымындағы кемел тұлға мен қазақ ұғымындағы текті адамның қасиеттері осы тұста өзара үндеседі: *әділет турашылдықпен, мейірім жүрек жылуымен, қайрат жігермен, ақыл парасатпен, ал ар-ұят адамдықпен сабақтасады.* Демек біздіңше, *тектілік қаннан емес, жаннан көрінеді. Тектілік атадан ғана емес, адамдықтан танылады.* Отбасы тәрбиесі, орта мәдениеті, салт-дәстүр, білім мен тәрбие – адамның тектілік қасиетін қалыптастыратын маңызды орта.

Қазіргі Қазақстан қоғамы жаһандану, цифрлану, әлеуметтік өзгерістер кезеңін бастан өткеруде. Осындай уақытта ұлттық бірегейлік пен рухани тұтастықтың маңызы арта түседі. Абай шығармаларында қазақ қоғамындағы алауыздық, бақастық, күншілдік, рушылдық, өсек пен мақтаншақтық сыналады. Бірақ Абайдың сыны халықты кемсіту үшін емес, оны түзету үшін айтылған. Ойшылдың «*Біріңді, қазақ, бірің дос, Көрмеген істің бәрі бос*» деген өсиеті де ел бірлігінің адамдық негізін көрсетеді. Нағыз бірлік – тек сыртқы



КЕМЕЛ ТҰЛҒА ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

ұран емес. Ол адамның ішкі мәдениетінен, өзгені құрметтеуінен, әділеттілікті сақтауынан, қоғамдық жауапкершілігін сезінуінен басталады. Сол себептен де ұлттық бірліктің негізінде де кемел тұлға тұруы тиіс.

Абай сынаған мінездер бүгінгі қоғамға да сабақ. Абай өз халқын шын сүйді. Сүйгендіктен сынады, сынағандықтан түзеуді көздеді. Ол надандық пен білімсіздікті, еріншектік пен жалқаулықты, бақастық пен күншілдікті, мақтаншақтық пен даңғойлықты қатты сынға алды. Бұл кемшіліктердің кейбір көріністерін бүгінгі қоғамнан да кездестіруге болады. Жеңіл табысқа ұмтылу, білімге үстірт қарау, еңбекке немқұрайлылық, әлеуметтік жауапкершіліктің әлсіздігі – әлі де ойлануды қажет ететін мәселелер. Абай ұсынған жол – осы кемшіліктерге қарама-қарсы қасиеттерді қалыптастыру. Мәселен, надандыққа білім мен ғылымды, еріншектікке еңбек пен қайратты, күншілдікке мейірім мен кеңдікті, мақтаншақтыққа қарапайымдылықты, алауыздыққа бірлік пен әділетті қарсы қою, аса өзекті. Осы тұрғыдан алғанда, **«Толық адам» ілімі – ұлттық мінезді жетілдірудің рухани үлгісі.**

Бүгінгі жастар – еліміздің ертеңгі тірегі. Сол себептен де жастарды баулу тек білім берумен шектелмеуі тиіс. Жас адамға білім керек. Бірақ біліммен бірге мінез қажет. Жас адамға мамандық керек. Бірақ мамандықпен бірге жауапкершілік қажет. Жас адамға мақсат керек. Бірақ мақсатпен бірге ар-ұят қажет. Жас адамға еркіндік керек. Бірақ еркіндікпен бірге жауапкершілік қажет. Демек, Абайдың «Толық адам» ілімі осы құндылықтарды бір арнаға тоғыстырады. Бұл ілім қазіргі жастарға өмірлік бағдар бере алады. Ол жастарды білімге, еңбекке, өзін-өзі дамытуға, адамгершілікке, әділетке, мейірімге, қоғамдық жауапкершілікке үндейді. «Толық адам» дайын қалып емес. «Толық адам» идеясы – адамның өмір бойы ұмтылатын рухани биігі.

Өнер мен мәдениет – рухани кемелденудің жолы. Жас тұлғаның рухани әлемін қалыптастыруда көркемөнер мен мәдениеттің де орны ерекше. Кітап оқу, театрға бару, музей мен көрмелерді аралау, музыка тыңдау, көркем шығармалармен танысу адамның дүниетанымын кеңейтеді. Өнер арқылы адам жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренеді. Әдебиет адамның жан дүниесін байытады, кейіпкерлер тағдыры арқылы өмірді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Музыка мен бейнелеу өнері адамның эстетикалық талғамын қалыптастырады. Сол себептен де жас ұрпақтың бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру, оны кітапқа, өнерге, ғылымға қызықтыру – тәрбие

жұмысының маңызды бағыттарының бірі.

Қазақ руханиятының ұлы реформаторы Абай Құнанбайұлы қалыптастырған «Толық адам» ілімі – тек адам кемелдігі туралы философиялық тұжырым ғана емес, ұлт бойындағы әлеуметтік-психологиялық кемшіліктерді түзетуге бағытталған сыншыл-ағартушылық бағдарлама. Аңғарарымыз, Абай өз халқын шексіз сүйді. Сүйгендіктен, сынады, сынағандықтан, түзеуді көздеді. Оның сыны – күйрету үшін емес, кемелдендіру үшін айтылған сын. Ал Абай сынаған басты кемшіліктер қандай? Абай шығармаларында қазақ қоғамының даму жолына кедергі келтірген бірқатар мінездік, әлеуметтік кемшіліктер ашық көрсетіледі. **Надандық пен білімсіздік.** Ойшыл надандықты ұлт мешеулігінің басты себебі деп білді. Ғылым үйренбеу, ізденбеу, дүниені тануға ұмтылмау қоғамды артқа тартатын күш ретінде бағаланды; **Еріншектік пен жалқаулық.** Абай «Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны» деп, еңбекке немқұрайдылықты қатты сынға алды. Еңбек етпеген ел өркениетке ілесе алмайды. **Бақастық, күншілдік.** Руаралық тартыс, көреалмаушылық, өсек-аяң ұлттық бірлікке сызат түсіретін кеселдер ретінде көрсетілді. **Мақтаншақтық пен даңғойлық.** Абай шынайы еңбексіз атақ қууды, бос мақтанды рухани әлсіздіктің белгісі деп санады. Абай сынының мақсаты – түзеу. Абайдың сыны – пессимизм емес, реформаторлық ұстаным. Ол қазақты кемсіту үшін емес, кемшіліктен арылту үшін жазды. Сол себептен де ойшыл халқын білімге шақырды, еңбекке үндеді, мінезді түзеуді мегзеді, бірлікке шақырды. Бұл – «Толық адам» ілімінің практикалық миссиясы. Анығы, «Толық адам» – кемшілікті жоятын модель. Абай ұсынған кемел тұлға бейнесі – жоғарыда аталған кемшіліктерге қарама-қарсы сапа жиынтығы. Мәселен, ұлт тәлімгері надандыққа білім-ғылымды, еріншектікке еңбек пен қайратты, күншілдікке мейірім мен кеңдікті, мақтаншақтыққа қарапайымдылықты, алауыздыққа бірлік пен әділетті қарсы қояды. Яғни, «Толық адам» – ұлттық мінезді түзетудің идеалдық үлгісі.

Абайдың қарасөздері – қазақ қоғамына қойылған рухани диагноз іспетті. Ол онда боссөзділікті, жауапсыздықты, немқұрайлылықты, жеңіл ойлауды ащы сынға алады. Бірақ әр сынның соңында міндетті түрде жол көрсетіледі. Ол жол – өзін тәрбиелеу, ғылым игеру, адамдықты сақтау. Демек, тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуі – ұлттық түзелудің шарты. Абай қоғамды сырттан емес, іштен түзетуді ұсынды. Өр адам өзін түзесе: отбасы түзеледі, орта түзеледі, қоғам түзеледі, ұлт дамиды. Бұл – тұлғалық жауапкершілік философиясы. Өкінішке

орай Абай сынаған кемшіліктердің кейбірі бүгін де көрініс табуда. Мәселен, жеңіл табысқа ұмтылу, білімге үстірт қарау, әлеуметтік жауапкершіліктің әлсіздігі. Демек, «Толық адам» идеясы – қазіргі қоғам үшін де тәрбиелік, стратегиялық мәні бар ілім.

Жинақтай айтсақ, «Толық адам» идеологиясы – ұлттық тәрбиенің темірқазығы. Абайдың «Толық адам» ілімі – өткеннің ғана мұрасы емес, бүгінгі күннің де рухани қажеттілігі. Ол білімді маман мен ізгі жүректі адамды, еңбекқор азамат пен жауапты тұлғаны біртұтас қарастырады. Ұлы ойшылдың адам туралы ойлары бізге қоғамды өзгерту адамның өзін өзгертуден басталады деген қарапайым шындықты ұқтырады. Өр адам өзін тәрбиелесе, отбасы өзгереді, отбасы өзгерсе, орта өзгереді, орта өзгерсе, қоғам өзгереді. Демек, елдің болашағы туралы сөз қозғағанда, ең алдымен, **адам сапасы туралы ойлануымыз қажет.**

Бүгінгі жаһандану дәуірінде бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу үшін бізге тек кәсіби білімі мықты маман емес, **ақылы кемел, қайраты берік, жүрегі жылы, ар-ұяты биік азамат** керек. Абайдың «Толық адам» ілімі – осындай тұлғаны қалыптастырудың рухани темірқазығы. Абайды тану өткенді құрметтеу ғана емес, Абайды тану – өзіңді тану. Абайды оқу – оның сөзін қайталау ғана емес, оның өсиетін өмірде жүзеге асыру. **«Адам болам десеңіз...»** деген ұлы ойшылдың өсиеті бүгінгі өскелең ұрпаққа да, ертеңгі ұрпаққа да бағыт-бағдар болып қала бермек.

Ұзын сөздің қысқасы, **«Толық адам» – кемелденудің жолы, адамдықтың биігі, ұлттық тәрбиенің темірқазығы.** Ендеше, жас ұрпаққа Абай айтқан ақыл мен қайратты, жүрек пен білімді тең ұстауды үйрету – баршамыздың ортақ міндетіміз. Демек, елдің ертеңі білімді ұрпақта ғана емес, **адамдықты биік қойған толық тұлғада.**

А.С. ҚЫДЫРШАЕВ,

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Қоғамдық даму департаментінің директоры, Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор

М.Қ. СҮЛЕЙМЕНОВ,

М. Өтемісов атындағы БҚУ Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры

А.Т. САҒИТОВ,

БҚО, Ақжайық ауданы, «Мұқадеc» шаруа қожалығының жетекшісі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері

Полигон был создан в 1947 году. Место для его выбирали прежде всего с военной точки зрения, вдали от крупных городов. Однако эта территория не была безлюдной. Жители близлежащих районов не всегда знали, что именно происходит и насколько опасными могут быть последствия. Информация об испытаниях оставалась ограниченной, а тема радиационного воздействия десятилетиями практически не обсуждалась открыто.

Долгое молчание нарушил февраль 1989 года. Олжас Сулейменов – поэт, писатель и общественный деятель в прямом эфире казахстанского телевидения заявил о необходимости прекратить испытания. Два дня спустя, 28 февраля, у здания Союза писателей в Алма-Ате состоялось собрание, на котором было создано антиядерное движение «Невада-Семипалатинск». Само название движения было символичным. Невада – место проведения американских ядерных испытаний, Семипалатинск – советских. Два полигона, разделенные тысячами километров и принадлежавшие двум противостоящим политическим системам, оказались связаны общей проблемой – последствия ядерных испытаний.

Движение быстро вышло за пределы литературной и творческой среды. К нему присоединялись шахтеры, врачи, инженеры, студенты и жители регионов, пострадавших от испытаний. Меньше чем за год по давлению этой волны число запланированных на полигоне взрывов сократилось почти вдвое, а 19 октября 1989-го прогремел последний.

Официальную точку в этой истории поставил Указ Президента Казахской ССР Нурсултана Назарбаева №409 от 29 августа 1991 года о закрытии Семипалатинского ядерного полигона. Символично, что решение было принято именно в день годовщины первого ядерного взрыва 1949 года. Дата, с которой началась история советских испытаний на казахстанской земле, стала датой их окончательного прекращения. В указе отмечалось, что республика внесла свой

Ровно 42 года – с августа 1949-го по август 1991-го – небо над Восточным Казахстаном время от времени озарялось вспышкой, после которой земля вздрагивала на десятки километров вокруг. Так выглядела эпоха ядерных испытаний на Семипалатинском полигоне. 29 августа 1949 года здесь прогремел первый советский ядерный взрыв, а за следующие четыре десятилетия на полигоне было проведено 456 ядерных испытаний. Именно здесь началась история советских ядерных испытаний, и здесь же спустя 42 года, Казахстан поставил в ней точку.

29 АВГУСТА: ДЕНЬ, КОГДА СТЕПЬ ПОЛУЧИЛА ПРАВО НА ТИШИНУ



вклад в обеспечение ядерного паритета СССР и США, однако дальнейшее продолжение испытаний было признано недопустимым с учетом требований общественности. Для Казахской ССР, которая в тот момент еще оставалась частью Советского Союза, решение о закрытии полигона стало проявлением самостоятельной политической позиции. Оно было принято за несколько месяцев до распада СССР и стало одним из наиболее значимых решений Казахстана накануне обретения независимости.

Спустя годы этот шаг получил

международное признание уже другого масштаба. 2 декабря 2009 года 64-я сессия Генеральной Ассамблеи ООН единогласно приняла резолюцию 64/35, которой учредила Международный день действий против ядерных испытаний. Датой для него выбрали именно 29 августа – день закрытия Семипалатинского полигона. Инициатором резолюции выступил Казахстан, соавторами стали еще десятка государств. Так история одного полигона в казахстанской степи стала частью международной повестки борьбы с ядерными испытаниями.

Сегодня на месте бывшего полигона работают ученые Национального ядерного центра Казахстана. Там, где когда-то проводились ядерные испытания, теперь изучают радиационную обстановку и последствия для здоровья тех, кто жил рядом. Тема далеко не закрыта, медики продолжают фиксировать у потомков испытателей и жителей окрестных сел повышенную заболеваемость, генетики изучают отдаленные эффекты облучения, а сама территория полигона – до сих пор не полностью безопасно для хозяйственного использования.

29 августа – дата двойная. С одной стороны, это день, когда казахстанская степь впервые дрогнула от ядерного взрыва. С другой – день, когда та же степь получила право на тишину. Между этими двумя датами – 42 года истории, в которых были военные амбиции, молчание, общественный протест и, наконец, решение остановить испытания.

И, пожалуй, главный смысл этой даты сегодня заключается в том, что память о Семипалатинском полигоне – это не только память о трагедии прошлого. Это напоминание о том, что однажды общество может сказать «хватит», а государство – сделать выбор в пользу мира.

А.М. МАХАН,

студентка 4 курса ОП «6В01601» История

Болашақ бірінші курс студенттеріне айтар ең басты кеңесім - университетке тек диплом алу үшін емес, өзіңді дамыту үшін келіңдер. Алғашқы күннен бастап сабаққа жауапкершілікпен қарап, түсінбеген нәрсені сұраудан ұялмау керек. Университетте ешкім сенің әр қадамыңды бақылап отырмайды. Сондықтан уақытты тиімді пайдалану, тапсырмаларды дер кезінде орындау, сабаққа дайындалу - ең алдымен өзіңе байланысты. Бірінші курстан қалыптасқан әдет кейінгі оқу жылдарыңның нәтижесіне тікелей әсер етеді.

Сонымен қатар университет өмірін тек сабақпен шектеп қояға болмайды. Махамбет университетінде студенттердің өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін түрлі ғылыми, мәдени, шығармашылық және спорттық жобалар бар. Осындай шараларға белсенді қатысу арқылы жаңа достар тауып қана қоймай, көпшілік алдында сөйлеу, командамен жұмыс істеу, жауапкершілік алу сияқты маңызды дағдыларды қалыптастырасың. Кейде адамның бойындағы қабілет күнделікті сабақта емес, осындай ортада ашылады.

Мен студенттік жылдарда жақсы ортаның маңызы ерекше екенін түсіндім. Университетте кездескен адамдардың арасында болашақта бірге жұмыс істейтін, өмір бойы дос болатын жандар болуы мүмкін. Сондықтан өзіңді алға жетелейтін, білімге қызығатын, ізденуге ұмтылатын адамдармен араласуға тырыс. Әрине, жаңа ортаға бірден бейімделу бәріне бірдей оңай емес. Бірақ өзіңді еркін ұстаудан, танысудан, пікір алмасудан қорықпа.

Ең бастысы - «бірінші курстамын,

«Студенттік өмір есігі ашылғанда...»



Мектеппен қоштасып, университет табалдырығын аттау - әр жастың өміріндегі ерекше кезең. Кеше ғана мектеп формасын киіп, сыныптастарыңмен бірге сабаққа асықсаң, енді алдында жаңа орта, жаңа адамдар, жаңа міндеттер мен үлкен мүмкіндіктер тұр. Махамбет университетіне алғаш келген студенттің алғашқы күндері толқынысқа толы болатыны анық. Бейтаныс аудиториялар, жаңа оқытушылар, сабақ кестесі, студенттік орта – мұның бәрі бірден үйреншікті бола қоймайды. Бірақ бұл – қорқатын емес, керісінше, қуана қабылдайтын жаңа өмірдің бастауы.

әлі төрт жыл бар» деп уақытты кейінге қалдырмау. Төрт жыл өте тез өтеді. Бүгінгі ізденісің, оқыған кітабың, меңгерген жаңа дағдың, қатысқан жобаңа жұмсаған еңбегің – ертеңгі кәсіби жолыңның негізі

болады. Сондықтан университетке келген алғашқы күннен бастап өзіңе мақсат қойып, сол мақсатқа біртіндеп ұмтылған жөн.

Студенттік өмір - тек емтихан

мен баға емес. Бұл - өзіңді танитын, арманыңды нақтылайтын, достықтың қадірін білетін, болашақ мамандығыңа алғашқы қадам жасайтын ерекше кезең. Махамбет университетіне алғаш қадам басатын әр жасқа тілерім - жаңа ортадан қорықпаңдар, мүмкіндіктен қашпаңдар, өздеріңе сеніңдер. Себебі университет саған дайын жолды бермейді. Ол саған өз жолыңды таңдауға мүмкіндік береді. Ал сол мүмкіндікті қалай пайдаланатының - өз қолыңда.

Айсана АЙБАР,

БГД 31 студенті

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ШИФРЛЫҚ БІЛІМ ҚОРЫНА ЖАҢА ҮЛЕС

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті цифрлық білім беру ресурстарын дамыту және халықаралық білім беру кеңістігіне отандық оқу контентін енгізу бағытындағы жұмыстарын жүйелі түрде жалғастырып келеді. Осы бағыттағы кезекті маңызды жоба – әлемдегі жетекші онлайн-білім беру платформаларының бірі Coursera-да университет оқытушысы әзірлеген «Неміс тілі (А1 деңгейі)» жаппай ашық онлайн-курсының жариялануы.

Жаңа курс филология факультетінің шетел тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасының оқытушысы **Аида Абилтаеваның** авторлығымен әзірленген. Ерекшелігі – оқу материалының қазақ тілінде ұсынылуы. Осы арқылы курс қазақтілді аудиторияның шетел тілін халықаралық цифрлық платформа негізінде меңгеру мүмкіндігін кеңейтіп отыр.

«Неміс тілі (А1 деңгейі)» курсы неміс тілін бастапқы деңгейден меңгеруге арналған. Оның мазмұны Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттер жүйесінің (CEFR) А1 деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес құрылымдалған. Курс тіл үйренуді жаңадан бастаған тыңдаушыларға базалық тілдік білім мен коммуникативтік дағдыларды кезең-кезеңімен қалыптастыруға бағытталған.

Курстың жалпы ұзақтығы – **11 сағат 30 минут 23 секунд**. Бағдарлама төрт модульден тұрады. Оқу барысында тыңдалым, оқылым, жазылым және

айтылым сияқты негізгі тілдік дағдыларды кешенді дамытуға басымдық берілген. Бұл әдістемелік ұстаным тыңдаушыға теориялық білімді игеріп қана қоймай, оны күнделікті қарым-қатынас жағдайларында қолдануға мүмкіндік береді.

Курс мазмұнының тағы бір маңызды ерекшелігі – тілдік материалды практикалық бағытта ұсыну. А1 деңгейіне сәйкес келетін базалық лексика мен грамматикалық құрылымдарды меңгеру арқылы тыңдаушылар қарапайым тілдік жағдаяттарда өз ойын жеткізуге, күнделікті қарым-қатынасқа қажетті сөз тіркестері мен құрылымдарды қолдануға дайындалады. Осы тұрғыдан алғанда, курс шетел тілін оқытудың заманауи коммуникативтік тәсілдеріне негізделген цифрлық білім беру ресурсы ретінде бағалануы мүмкін.

«Неміс тілі (А1 деңгейі)» курсының Coursera платформасына орналастырылуы – университет үшін ғана емес, қазақ тіліндегі цифрлық білім беру контентін дамыту ісі үшін де маңызды

қадам. Халықаралық платформаның кең аудиториясына ұсынылған курс отандық жоғары білім беру ұйымдарында әзірленіп жатқан оқу-әдістемелік материалдардың сапасы мен әлеуетін танытуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар бұл бастама қазақ тіліндегі заманауи білім беру ресурстарының аясын кеңейту мәселесінің өзектілігін көрсетеді. Қазіргі цифрлық білім беру кеңістігінде оқыту контентінің қолжетімділігі, тілдік әртүрлілігі және академиялық сапасы маңызды факторлардың біріне айналып отыр. Осы ретте қазақ тілінде әзірленген шетел тілін оқыту курстары білім алушылардың тілдік құзыреттерін дамытуға жаңа мүмкіндік береді.

Жаңа жаппай ашық онлайн-курс Coursera платформасындағы **Қазақстандық топтаманың 37-курсы** ретінде ұсынылды. Бұл көрсеткіш қазақстандық жоғары оқу орындары мен білім беру ұйымдарының халықаралық цифрлық платформалар арқылы ұлттық білім контентін ілгерілетуге деген қызығушылығы артып келе жатқанын аңғартады.

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті үшін цифрлық білім беру – оқу процесін технологиялық тұрғыдан жаңғыртудың ғана емес, университеттің

ғылыми-әдістемелік әлеуетін халықаралық деңгейде танытудың да маңызды бағыты. Оқытушылардың авторлық онлайн-курстар әзірлеуі олардың кәсіби және педагогикалық құзыреттерін жаңа форматта жүзеге асыруына жол ашады.

Жалпы, Coursera платформасында қазақ тіліндегі «Неміс тілі (А1 деңгейі)» курсының жариялануы – бір оқу курсының іске қосылуымен шектелмейтін бастама. Бұл – қазақ тіліндегі цифрлық білім беру контентін толықтыруға, шетел тілдерін меңгерудің қолжетімділігін арттыруға және университеттің білім беру әлеуетін халықаралық аудиторияға ұсынуға бағытталған маңызды қадам.

Білім беру кеңістігі цифрланған қазіргі кезеңде университеттің басты міндеттерінің бірі – сапалы білімді тек аудитория қабырғасында ғана емес, цифрлық платформалар арқылы да қолжетімді ету. Осы тұрғыдан алғанда, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Coursera платформасындағы жаңа курсы білім беруді интернационалдандыру мен цифрлық трансформация үдерістеріне қосылған нақты үлес болып табылады.

З.У. МУКАШЕВА,
Қашықтан және онлайн оқыту орталығының жетекшісі

СМАРТ САҒАТ: ВОЛЕЙБОЛШЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ МЕН РЕАКЦИЯСЫН ӨЛШЕУДІҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛІ

XXI ғасыр – цифрлық технологиялар қарқынды дамыған кезең. Бүгінде смарт құрылғылар адамның күнделікті өмірімен қатар, білім беру, медицина және спорт салаларына да кеңінен еніп отыр. Әсіресе спортта адамның физикалық белсенділігін бақылауға мүмкіндік беретін технологиялардың маңызы артып келеді. Солардың бірі – смарт сағат. Құрылғы арқылы жүрек соғу жиілігін, қадам санын, қозғалыс қарқындылығын, жүріп өткен қашықтықты және жаттығу ұзақтығын бақылауға болады. Волейбол – жылдамдықты, шапшаңдықты, дәлдікті және жылдам шешім қабылдауды талап ететін спорт түрі. Ойын барысында спортшы доптың бағытына, қарсыластың әрекетіне және командаласының қимылына лезде жауап беруі қажет. Сондықтан реакция жылдамдығы мен қозғалыс белсенділігі волейболшының спорттық дайындығын сипаттайтын маңызды көрсеткіштердің бірі болып саналады.



болған. Ол жаттығу барысында 4700 қадам жасап, жүрек соғу жиілігі минутына 130 ретке жеткен. Сонымен қатар оның реакция уақыты да ең төмен – 0,37 секунд болды. Ал бес қатысушының орташа көрсеткіші 4280 қадам, минутына 125 рет жүрек соғу жиілігі және 0,42 секунд реакция уақыты деңгейінде қалыптасты.

Смарт технологияның мүмкіндігі

Зерттеу барысында смарт сағаттың спорттық жаттығуларды бақылауда пайдалы құрал екені байқалды. Оның көмегімен спортшының физикалық белсенділігі туралы жедел ақпарат алуға және жаттығу барысындағы жүктемені бақылауға болады.

Смарт құрылғылардың тағы бір артықшылығы – жаттығу нәтижелерін белгілі бір уақыт аралығында салыстыруға мүмкіндік беруі. Мысалы, спортшы реакция жылдамдығын дамытуға бағытталған жаттығулардан кейінгі көрсеткіштерін бұрынғы нәтижелерімен салыстыра алады. Бұл жаттықтырушыға жаттығу бағдарламасын тиімді жоспарлауға көмектеседі.

Қорытынды

Зерттеу нәтижесі смарт сағаттардың волейболшылардың қозғалыс белсенділігі мен физикалық жүктемесін бақылауда тиімді цифрлық құрал бола алатынын көрсетті. Тәжірибе барысында қатысушылардың қадам саны, жүрек соғу жиілігі және реакция уақыты анықталып, олардың көрсеткіштері салыстырылды. Қазіргі таңда спорттағы цифрландыру жаттығу үдерісін бақылаудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынып отыр. Смарт сағаттар мен басқа да киілетін құрылғылар спортшының жеке көрсеткіштерін жүйелі түрде бақылауға, жаттығу нәтижесін бағалауға және дайындық үдерісін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Ө.С.АРСТАН,
оқытушы, магистр, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

Зерттеудің мақсаты

Смарт сағат көмегімен волейболшылардың қозғалыс белсенділігі мен реакция жылдамдығын анықтап, олардың өзара байланысын зерттеу. Зерттеу барысында смарт сағаттардың негізгі мүмкіндіктері қарастырылып, волейболдағы қозғалыс пен реакция жылдамдығының маңызы анықталды. Сонымен қатар волейболмен айналысатын бес студент арасында тәжірибе жүргізіліп, алынған нәтижелер салыстырылды.

Тәжірибе қалай жүргізілді?

Зерттеуге 5 студент қатысты. Әр қатысушыға 30 минуттық волейбол жаттығуы жүргізілді. Тәжірибе кезінде смарт сағат, волейбол алаңы, хронометр және бақылау кестесі қолданылды.

Зерттеу барысында төрт негізгі көрсеткішке назар аударылды:

- жаттығу кезіндегі қадам саны;
- жүрек соғу жиілігі;
- реакция уақыты;
- қозғалыс белсенділігі.

Жиналған мәліметтер төмендегідей нәтиже көрсетті:

Қатысушы	Қадам саны	Жүрек соғысы (рет/мин)	Рекция уақыты(сек)
1	4200	125	0,42
2	3900	120	0,47
3	4500	128	0,39
4	4100	122	0,45
5	4700	130	0,37

Зерттеу нәтижесіне сүйенсек, бесінші қатысушының қозғалыс белсенділігі ең жоғары

Участие в мероприятиях университета: ВОЗМОЖНОСТИ И ПРАКТИКА

Студенческие годы представляют собой не только период освоения образовательных программ, но и важный этап социального и личностного становления. В это время формируются устойчивые социальные связи, приобретаются организаторские компетенции и развивается активная гражданская позиция. Западно-Казахстанский университет имени Махамбета Утемисова предоставляет студентам широкий спектр возможностей для самореализации через участие в различных мероприятиях от академических олимпиад до волонтерских инициатив и творческих проектов.

Участие во внеучебных мероприятиях способствует развитию универсальных компетенций, которые невозможно сформировать, ограничиваясь лишь учебной аудиторией. В процессе организации студенческих круглых столов, концертов и интеллектуальных игр студенты овладевают навыками командной работы, распределения обязанностей и поиска конструктивных решений. Приобретение данных качеств становится значимым фактором, влияющим на успешность дальнейшего трудоустройства и профессионального роста.

Важным аспектом студенческой активности выступает расширение круга профессиональных и личных коммуникаций. Мероприятия объединяют представителей различных факультетов и курсов, способствуя формированию устойчивых межличностных связей. Для студента это возможность найти единомышленников и почувствовать себя частью университетского сообщества.

Участие в мероприятиях дает студентам возможность практического применения полученных знаний. Студенты юридических специальностей принимают участие в правовых форумах, филологи в литературных вечерах, будущие педагоги в организации образовательных проектов для школьников. Профильные мероприятия позволяют соотнести теоретическую подготовку с реальными профессиональными задачами.

Волонтерское движение является одним из ключевых направлений внеучебной деятельности в ЗКУ имени М. Утемисова. В университете сформировано и активно функционирует волонтерское сообщество. Студенты организуют соревнования, конкурсы, круглые столы и благотворительные акции, регулярно посещают пансионат



для пожилых людей с концертными программами, участвуют в спортивных мероприятиях. Для студентов волонтерская деятельность представляет собой возможность развития эмпатии, ответственности и управленческих способностей.

Творческие направления деятельности позволяют студентам раскрыть личностный потенциал. На филологическом факультете регулярно проводятся концертные программы, включающие хореографические, вокальные и театральные номера. Участие в подобных событиях способствует преодолению психологических барьеров, развитию артистических способностей и уверенности в себе. Творческая деятельность также выполняет функцию психологической разгрузки в период интенсивной учебной нагрузки.

Академические соревнования и олимпиады предоставляют студентам возможность объективной оценки собственных знаний. ЗКУ регулярно выступает организационной площадкой для проведения предметных олимпиад по казахскому и русскому языку, литературе, информатике. Участие в данных мероприятиях позволяет студентам приобрести опыт организаторской работы. Для победителей и призеров участие в олимпиадах является значимым дополнением портфолио, учитываемым при поступлении в магистратуру или трудоустройстве.

Региональные форумы и деловые игры занимают важное место в жизни университета. В интерактивном формате студенты моделируют судебные процессы, решают профессиональные кейсы и участвуют в

дебатах. Данные мероприятия не только углубляют профессиональные знания, но и развивают навыки публичной речи, критического мышления и командной работы. Участие в форумах предоставляет возможность получить обратную связь от экспертов и установить полезные профессиональные контакты.

Систематическое участие в мероприятиях формирует активную жизненную позицию студента. Студент овладевает навыками принятия решений и ответственности за результат. Указанные качества сохраняют свою значимость на протяжении всей жизни, оказывая влияние на профессиональную и личную сферы.

Участие в мероприятиях формирует портфолио личных достижений. Грамоты, благодарственные письма и сертификаты остаются с выпускником на долгие годы. Работодатели проявляют интерес к внеучебной активности соискателей, рассматривая ее как свидетельство инициативности.

Студенческие мероприятия формируют чувство принадлежности к академическому сообществу. Университет перестает быть исключительно местом получения образования, приобретая статус социальной среды, где каждый студент может найти направление деятельности, соответствующее личным интересам, и внести вклад в развитие университета и общества.

Илья ШАМАГИН,
студент группы ЮР-42

Что происходит в 311-ом?



На Факультете истории, экономики и права кипит студенческая жизнь: изучаются нормы законодательства, ведутся лекции, проводятся семинарские занятия. Однако, особую роль в профессиональной подготовке будущих юристов играет аудитория №311. Здесь теоретические знания студентов находят практическое применение при работе с реальными правовыми вопросами клиентов, выходя за рамки учебных задач. В ее стенах работает Студенческая юридическая клиника Западно-Казахстанского университета имени М. Утемисова, где студенты выступают в новой для них роли - консультантов по правовым вопросам.

Здесь за правовой нормой всегда стоит конкретная ситуация и вопрос, который необходимо решить, клиент, который обратился за помощью. Как защитить нарушенное право? Куда обратиться? Как правильно составить заявление или претензию? Для человека, столкнувшегося с юридическими трудностями, найти ответы на эти вопросы самостоятельно бывает непросто. Для студента юридической клиники это уже не просто кейс для анализа - это обращение,

требующее внимательного изучения обстоятельств, определения применимых норм законодательства и составление обоснованного правового решения.

Для студентов участие в работе юридической клиники становится возможностью сделать первые шаги в профессиональной деятельности: применить полученные теоретические знания, научиться анализировать конкретные обстоятельства и искать правовые решения. Под руководством преподавателей обучающиеся проводят консультации, дают правовые разъяснения, подготавливают устные и письменные справки в рамках обращений. Для граждан же наша клиника - возможность получить бесплатную первичную правовую помощь и разобраться в вопросах, которые требуют знания законодательства. Стоит отметить, что для студентов, профессорско-преподавательского состава и работников юридическая консультация доступна непосредственно в стенах университета, им не обязательно искать стороннюю организацию или пытаться самостоятельно разобраться в

законодательстве. Первым шагом может стать обращение в аудиторию №311.

Во время первичной консультации студент-консультант в присутствии преподавателя выслушивает клиента, выясняет обстоятельства ситуации и определяет суть правового вопроса. После этого сотрудники клиники оценивают возможность дальнейшей работы с обращением. Если вопрос входит в компетенцию клиники, определяется дальнейший порядок работы. В зависимости от ситуации помощь может включать дополнительные консультации, подготовку правовых документов, составление заявлений, претензий и исковых заявлений, а также другие виды правовой работы. При этом каждая ситуация индивидуальна. Если вопрос требует помощи, которая выходит за рамки возможностей клиники, клиенту помогут сориентироваться и определить, куда целесообразно обратиться дальше.

К числу основных направлений работы клиники относятся вопросы гражданского, семейного, трудового, жилищного, административного, земельного, уголовного отраслей права. К примеру, клиент может проконсультироваться по следующим вопросам: расторжение брака, взыскание алиментов, нарушение работодателем прав работника, восстановление пропущенного срока принятия наследства, взыскание задолженности.

Ошибочно считать, что поводом к обращению служит исключительно серьезное правонарушение. В юридическую клинику можно прийти даже если человеку необходимо всего лишь разобраться в документе, понять, действительно ли нарушено его право, узнать порядок дальнейших действий или убедиться, что он движется в правильном направлении.

Обратиться в студенческую юридическую клинику можно по адресу: г. Уральск, ул. Сарайшык, 34, корпус №3 (Факультет истории, экономики и права), аудитория №311.

Работа юридической клиники позволяет на практике убедиться, что право важно не только знать, но и уметь применять. Для студентов участие в ее работе становится частью профессиональной подготовки, а для граждан - возможностью получить бесплатную первичную правовую помощь. В этом и заключается ее главная ценность - превращать юридические знания в практический опыт и реальную помощь тем, кому она необходима.

Светлана КУЧЕР,
студент ЮР-42

Қария – елдің рухани қазынасы. Ақсақалдың қадірі оның жасымен ғана өлшенбейді, оның қадірі елге сіңірген еңбегінде, кейінгіге қалдырған өнегесінде, адамдық болмысында. Қазақ ауылында бұрын үлкеннің бір ауыз сөзіне тоқтау қалыптасқан. Ағайын арасындағы дау да, ел ішіндегі мәселе де ақсақалдың байыпты сөзімен шешілген. Өйткені ақсақалдың сөзі – ашуға емес, ақылға, дауға емес, татулыққа бастайтын сөз. «Ақылды қария – ағып жатқан дария» деген халық сөзі осындайда айтылса керек-ті. Қарияның әрбір естелігі – тұнған тарих. Әрбір әңгімесі – тәрбие. Әрбір ақылы – кейінгіге бағыт. Бүгінгі ұрпаққа заманауи білім мен жаңа технология қаншалықты қажет болса, ұлттық тәрбие мен өмірлік тәжірибе де соншалықты керек. Анығы, білім адамның кәсіби қабілетін қалыптастырса, өнеге оның адамдық болмысын сомдайды. Демек, аға буынның өмір жолын жас ұрпаққа таныстыру – күн тәртібінен түспейтін мәселе.

Ақсақал – отбасының ғана емес, елдің тәрбиешісі. Қазақ қоғамында қарияның тәрбиелік орны ерекше болған. Бұрынғы ауылдағы кез келген үлкен мәселе ақсақалдар алқасында талқыланып, ел ағаларының байыпты сөзіне тоқтаған. Бұл халқымыздың дау-дамайды ақылмен шешуге, ел бірлігін сақтауға ұмтылғанын көрсетеді. Ақсақалдың бір ауыз сөзі кейде ұзақ насихаттан да әсерлі. Себебі оның сөзінің артында өмір тәжірибесі, көргені мен көңілге түйгені тұрады. Бүгінгі таңда да бұл дәстүрдің маңызы жойылған жоқ. Керісінше, қоғам өзгерген сайын жас ұрпаққа бағыт-бағдар беретін рухани тұлғаларға деген қажеттілік арта түсуде.

Ардагер – ерен еңбектің үлгісі. Еңбек түбі береке емес пе. Бүгінгі жетістіктер бір күнде келген жоқ. Бұл ретте талай тұлғаның маңдай тері, қажыр-қайраты, адал еңбегі барын білелік. Сол еңбектің бел ортасында жүргендер – бүгінгі ардагерлер. Ардагер дегеніміз – белгілі бір салада еңбек етіп, елдің дамуына өз үлесін қосқан азамат. Бірі ауыл шаруашылығында аянбай еңбек етсе, бірі өндірісте шыңдалды, енді бірі ұстаздық етіп, сан ұрпаққа білім бере білді. Дәрігерлер адам өмірін қорғады, құрылысшылар елді-мекендерді көркейтті, инженерлер өндірісті дамытты, мәдениет пен өнер саласының мамандары халықтың рухани дүниесін байытты. Демек, бұлардың әрқайсысының еңбегі - ел тарихының бір парағы. Ал ардагердің өмір жолына үңілсек, ең алдымен, *еңбекке адалдықты* көреміз. Қай салада қызмет атқарса да, өз міндетін абыроймен орындау – олардың басты қағидасы. «Ердің атын еңбек шығарады» деген халық даналығы осындай азаматтарға арналғандай. Бүгінгі жастар үшін ардагерлердің осы қасиеті үлгі-өнеге. Себебі заман өзгергенімен, еңбекке адалдық, жауапкершілік, адамгершілік сияқты құндылықтар ешқашан ескірмейді.

Абай данышпан айтқандай, ақсақалдар – тіл ұстартушылар, қартайса да, қайғы ойласа да, ұйқы сергек болса да ұлы армандар иесі. Халқымызда ақсақал атану кейде жасы ұлғайғандығына қарамайтындығына, ақыл иесі, көреген, алдын болжағыш парасатты жас азаматтар да бола аларына таң қалмаңыз. Мәселен, халық тарихында *Қаз дауысты Қазыбек* билік айтуға, ақылгөй дана атануға 15 жасынан кіріскені туралы аңыз бары, *Сырым батырдың* өзі даналығын 7 жасынан-ақ көрсете алғаны, ал халық әдебиетінде *Тазша бала мен Қарашаш сұлудың* 12-14 жасар кезінде-ақ тапқыр, ақылды атанғандар санатына кіргені әмбеге аян.

Ал адам белсенділігі деген ұғымға ақсақалдардың өмірге қоймай араласуын айтамыз. Ақсақалдар көреген, олардың көзінен шындықты жасыруға болмайды, сезімталдығымен келеңсіз жағдайлармен күрестерін құптауға тұрарлық. Қазақ халқы - белсенді халық, от ала білсе тұтас белсенділерден құралған. Оған тарихымыз куә. Атақты *жырау Сыпыра*

Уақыттың желдей есіп өтері, заманның мың құбыла өзгерері даусыз аксиома. Бір буынның орнына екінші буын келеді. Бірақ адамдықтың асыл қасиеттері үлкенге құрмет, кішіге ізет, еңбекке адалдық, елге қызмет ету сияқты құндылықтар ешқашан ескірмеуі қажет. Бүгінгі ұрпақ аға буыннан тек өткен тарихты ғана емес, өмір сүрудің өнегесінен еңбек етудің қадірін, елге қызмет етудің қасиетін үйренеді. Осы тұрғыдан келгенде, қарияның әрбір сөзі – сан ғасырлар сүзгісінен өткен тәжірибе. Абзал ардақты ардагеріміздің әрбір ісі – маңдай термен жазылған тарих. Ал сол тарихты құрметтеп, өнегені жалғастыру – кейінгі буынның азаматтық парызы. Халқымызда «Қариясы бар үйдің қазынасы бар» демей ме. Қазақ халқының таным-түсінігінде қарияның орны қашанда төрде болған. Ақсақалдың алдын кесіп өтпей, сөзін бөлмей, батасын алып, ақылын тыңдау – атадан балаға жалғасқан тағылымды дәстүр. Өйткені халқымыз үшін ақсақал - жасы үлкен адам ғана емес, өмірден көргені мол, сөзіне ел тоқтаған, кейінгіге жол көрсетер парасат иесі.

«Үлкенге құрмет, кішіге ізет» деген бір ауыз сөздің өзінде халқымыздың тұтас тәрбиелік философиясы аңғарылады. Үлкенді сыйлау – адамның мәдениеті мен көргенділігінің белгісі болса, қарияны қадірлеу – елдің өз тарихын, өз тамырын құрметтеуі. Халық даналығында «Көп жасаған білмейді, көп көрген біледі» деген тәмсіл бары да рас. Бұл – өмірдің талай белесін өткерген аға буынның тәжірибесіне берілген баға. Бүгін төрімізде отырған әрбір ақсақалдың артында тұтас бір дәуірдің тарихы барын білгенге не жетсін. Олардың балалық шағы, жастық кезеңі, еңбек жолы, елмен бірге көрген қиындықтары мен қуаныштары халқымыздың өткенімен сабақтаса өріледі.

АҚСАҚАЛЫМ – ҚАСИЕТТІМ, АРДАГЕРІМ – АРДАҚТЫМ



Сұрғалтайұлы 120 жасқа дейін әлеуметтік саяси мәселеден қол үзбеген. *Бұқар жырау* 95-ке келсе де, *Абылай ханның кеңесшісі* атанған. Ал ауыз әдебиетіндегі *Жаманымыз* 60 жасқа келіп, бес хандықты ақылмен басқарып, *Аяз би* атанған. *Жамбыл* тоқсан тоғызына жеткенше рухани байлығымызды байыта түсуге ат салысқан... Ақсақалдардың белсенділігін айтып түгесуге болмас, сірә! Атақты *жырау-жыршылар Марқасқа, Доспамбет, Жанкісі, Марабай, Жылқышы, Нұрым, Қашаған, Нұрпейістер* жас шамалары 60-80 жастар арасында күллі қазақ поэзиясын құрастырып, молайтпап па еді!.. Мәселен, ақсақалдық мектептің қазақ даласында ресми дәрежеде болмаса да, айтқан өсиетнамалары, көрсеткен үлгі-өнегесі, берген ақыл-кеңесі, ұстаздық, жетекшілік, тәлімгерлік қызметтері бір кездері бұлжытпай орындалған. Сөйтіп, ақсақалдық мектептің беделі орасан зорайған. Ақсақалдар өз кезеңінде мектеп мұғалімдері, яғни, өмір оқытушылары сияқты беделге ие болған. Өкініштісі, осындай беделді тұлғалардан қауіптенген бюрократтар оларды біртіндеп өмірден ығыстыра бастады.

Ой жүгірте бойласақ, қазағымның жөн-жосықтарының ең мықтысы, ең кереметі, шаш ал десе, бас алуды тыйдырған ақсақалдық тәрбие мектебін қайта қалпына келтірмей болмайтындығын өмірдің өзі ұсынууда. Сөз жүзінде емес, іс жүзінде. Қазақта жөн-жосық, Құдайға

шүкір, баршылық! Мәселен, ата-баба дәстүрі, аналар дәстүрі, қыз-келіншектер мен жігіттер дәстүрі, келіндер дәстүрі, құда-құдағилар дәстүрі, нағашы-жиендер дәстүрі дегендер арнайы заңдастырылмаса да, әлі де жаны берік, тіпті тоқырау кезінің қыспағына да төзіп баққандығы байқалады. Бұларға ауыз әдебиетімізден, ұланғайыр поэзиямыздан, қала берді қазірге жазба әдебиетінен мысалдар жеткілікті.

Байқарымыз, ақсақал деген атақты қазағым кез келген жасы үлкен адамдарға бере қоймайды. *Ақсақал деп өзінің ісімен, сөйлеген сөзімен, күллі көзқарасымен, ұрпақ туралы ойларымен, өдеп-ғұрыпқа беріктігімен ерекше көзге түскен және тәлім-тәрбие саласында әманда үлгі-өнеге көрсетерлік, қысылғанда, ақыл-кеңес берерлік, бүкіл ауылға (елге) жетекшілік рөл атқарарлық азаматтарды айтқан. Ақсақалдар – халық тірегі, халықтың көзі, құлағы, жүрегі, қалаулысы, оның ойы мен арманын, мақсатын арқалаған қайраткерлер, ұрпақ қамы үшін түн ұйқысын төрт бөліп, ойын онға, ақылын алтыға бөлген кемеңгерлер, халықтың ауыр тағдырын арқалаған көсемдер, халқымның тарихында ақсақалдар «ақыл иесі – шешендер» деп аталған. Мұндай тұлғаларымызды мінсіз сөзді, кірсіз арлы ақыл иесі тұрғысында танимыз.* Қысқаша айтқанда, олар – халықтың сенері, сүйенері, ары, ожданы, қайраты, намысы, таланты мен жігері және



қазақты қазақ етуші, халық етуші тұлғалар. Біздің ақсақалдарымыздың қай-қайсысы да - кезінде болған *ақсағарат (феномен), ноумен* адамдар. Көпшілігі ел басқарды, істің басы-қасында болып, билікке де араласты, әкім болғандары да бар. Қазіргі аумалы-төкпелі заманда кемпірлерінің қасында отырып қалуы оларды қиналтары сөзсіз. Бір кездерде болған адамдар қазір өздерімен өздері болып қалды, сол қинайды...

Бүгінгі жас ұрпақ қариядан бата алса, ертең өзі де елге сыйлы азамат болуға ұмтылады. Бүгін біз ардагердің еңбегін дәріптесек, ертеңгі ұрпақ та еңбектің қадірін түсінеді. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын осындай сабақтастық бар жерде ұлттық құндылықтар да, елдік сана да берік болады. *Қария – өткеннің шежіресі, ардагер – еңбектің өнегесі, жас ұрпақ – елдің келешегі.* Үшеуін жалғайтын алтын көпір – *ұрпақтар сабақтастығы.* Еліміз тәуелсіздікке қолы жеткен қазіргі заманда осы ұлы дәстүрді жаңғыртсақ дейміз. Ақсақалдар мектебі қасиетті мектеп ретінде күнделікті өмірімізге, қоғамдық сананы қалыптастыруға сыналап енуі қажет. Халқымыздың «Қарт қойнында қалаш бар!» деуі тегін емес.

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
Қазақстан Ұлттық құндылықтар
академиясының академигі,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор,

«Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісінің иегері

АСТАНА: БОЛАШАҚҚА БАСТАР ҚАЛА

Астана - бұл жай ғана Қазақстанның елордасы емес. Ол – қазақ халқының азаттық жолындағы арманынан, тәуелсіз елдің болашаққа деген сенімінен туған, жаңа даму кезеңінің символы. Арманнан ақиқатқа айналып, Есілдің жағасында бой көтерген шаһар аз уақыттың ішінде әлем назарын аударған ірі саяси, мәдени және экономикалық орталыққа айналды. Сондықтан Астана - тек бүгінгі күннің қаласы емес, ол - ертеңгі Қазақстанның бейнесі, келешекке бастар орталық.

Астананың тарихы Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы ең маңызды өзгерістердің бірімен тығыз байланысты. Кеше ғана кең даланың төсіндегі қала болған Ақмола біртіндеп жаңа елорданың келбетіне ене бастады. 1997 жылы Ақмола Қазақстанның жаңа астанасы болып жарияланып, ел тарихында жаңа кезең басталды. Қаланың көшелері жаңарып, жаңа ғимараттар бой көтеріп, заманауи инфрақұрылым қалыптасты. 1998 жылы қалаға Астана атауы берілді. Жылдар өте елорда да талай өзгерісті бастан өткерді. 2019 жылы қала Нұр-Сұлтан деп аталып, 2022 жылы тарихи Астана атауы қайта қайтарылды.

Бүгінде Есілдің жағасында бой көтерген зәулім ғимараттар, заманауи нысандар мен сәулеттік кешендер қаланың қарқынды дамуының айқын көрінісіне айналды. Бір кездері батыл шешім саналған елорданы көшіру бастамасының стратегиялық маңызы уақыт өте келе айқындала түсті.



Астананың қалыптасу тарихына көз жүгіртсек, оның өзгерісін тек ғимараттар мен көшелердің жаңаруымен өлшеу жеткіліксіз. Бұл - тәуелсіз Қазақстанның өз мүмкіндігіне сеніп, жаңа белестерге ұмтылғанының тарихы. Бүгінгі Астана - сол тарихи жолдың нәтижесі әрі елдің болашаққа деген көзқарасының көрінісі.

Бүгінде Астана - заманауи сәулет пен жаңа технологиялар қатар дамып жатқан қала. Мұнда күн сайын жаңа нысандар бой

көтеріп, инфрақұрылым жаңарып, цифрлық шешімдер қала өміріне белсенді түрде енгізілуде. Алайда Астананы болашақтың қаласына айналдыратын нәрсе - тек биік ғимараттар мен заманауи технологиялар емес. Оның басты күші - жаңа идеяларға ашықтығы, жаңашылдыққа ұмтылысы және алға қойған мақсаты айқын адамдары.

Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» деген әйгілі сөзі бар. Бүгінде елордада білім алып, еңбек етіп, түрлі жобаларды

жүзеге асырып жүрген жастар – қаланың ең үлкен қозғаушы күші. Олардың білімі, бастамасы мен ізденісі Астананың ғана емес, тұтас елдің болашағын айқындайды.

Бүгінде елордада маңызды форумдар, саммиттер мен іскерлік кездесулер тұрақты түрде өтіп, қала әлемнің әр түкпірінен саясаткерлерді, сарапшыларды, ғалымдар мен кәсіпкерлерді тоғыстыратын халықаралық диалог алаңына айналды. Мұнда жаһандық экономика, қауіпсіздік, ғылым, технология және тұрақты даму секілді маңызды мәселелер талқыланады.

Астанада өтетін халықаралық-шаралар Қазақстанның өзге мемлекеттермен байланысын нығайтып қана қоймай, еліміздің әлеуеті мен мүмкіндіктерін әлемге танытуға жол ашады. Ал елордаға келген шетелдік қонақтар Қазақстанның мәдениетімен, тарихымен және заманауи даму бағыттарымен танысып, қазақ халқының жаңа қырларын тануға мүмкіндік алады.

Астананың тарихы әлі де жазылып жатыр. Оның келешегі жаңа ғимараттар мен озық технологияларға ғана емес, білімді, ізденімпаз, жаңашыл әрі өз еліне жауапкершілікпен қарайтын жастарға байланысты. Бүгінгі студенттер мен жас мамандардың тың идеялары – ертеңгі Қазақстанның берік негізі.

Сондықтан Астана - елдің бүгінгі жетістігін көрсететін қала ғана емес. Ол - ертеңгі күнге жол ашатын, арманы асқақ, талабы биік, болашаққа батыл қадам басқан жас қала әрі Қазақстанның Бас қаласы.

■ Білім және тәрбие

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ – САНАЛЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНІҢ АЛТЫН АРҚАҰЫ

Адам баласының рухани әлемін байытып, дүниетанымын кеңейтетін ең құдіретті күштің бірі – көркем әдебиет. Ұлттың өткені мен бүгінін, салт-дәстүрі мен болмысын, арман-мұраты мен адамгершілік құндылықтарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келе жатқан көркем сөз – тәрбиенің де, білімнің де сарқылмас қайнар көзі. Әдеби шығарма – жай ғана оқылатын мәтін емес, ол – өмірдің көркем бейнесі, адамның жан дүниесін тәрбиелейтін рухани мектеп. Бүгінгі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Заманауи қоғамда тек білімді болу жеткіліксіз. Алған білімін өмірде тиімді пайдалана алатын, өз ойын еркін жеткізетін, ақпаратты саралап, дұрыс шешім қабылдайтын тұлға тәрбиелеу – уақыт талабы. Осы міндетті жүзеге асыруда көркем мәтіннің орны ерекше.

Функционалдық сауаттылық – өмірге бейімделудің негізі

Функционалдық сауаттылық – адамның алған білімін күнделікті өмірде қолдана білу қабілеті. Бұл ұғым тек оқи алу немесе жаза білумен шектелмейді. Ол – ақпаратты түсіну, талдау, салыстыру, өз көзқарасын дәлелдеу, мәселені шешу және қоғамда белсенді әрекет ету дағдыларының жиынтығы. Қазіргі таңда ақпарат ағыны толассыз. Сан түрлі дерек пен пікірдің арасынан шындықты ажыратып, дұрыс қорытынды жасау үшін оқушының сыни ойлау қабілеті жоғары болуы қажет. Осындай қабілеттерді дамытуда көркем мәтін ерекше қызмет атқарады, себебі әдеби шығарма оқырманды дайын оймен шектемейді, керісінше, ойлануға, ізденуге, саралауға жетелейді.

Көркем мәтін – тұлға тәрбиесінің рухани өзегі

Көркем шығармадағы әрбір кейіпкер – өмірдің айнасы. Оның қуанышы мен қайғысы, жеңісі мен жеңілісі оқырманды бейжай қалдырмайды. Оқушы кейіпкер тағдыры арқылы жақсылық пен жамандықты, адалдық пен арамдықты, мейірім мен қатыгездікті ажырата бастайды. Ұлы қаламгерлердің шығармалары жас ұрпаққа өмірдің мәнін түсіндіріп қана қоймай, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіреді. Кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беру барысында оқушы өз өмірімен салыстырады, қорытынды шығарады, өзіндік ұстаным қалыптастырады. Бұл – функционалдық сауаттылықтың маңызды көрсеткіштерінің бірі. Әдеби мәтін адамның қиялын дамытады, сөздік қорын молайтады, сөйлеу мәдениетін қалыптастырады. Тіл байлығы мол адам өз ойын анық әрі әсерлі жеткізе алады. Демек, көркем мәтін тілдік құзыреттілікті ғана емес, өмірлік құзыреттілікті де қалыптастырады.

Көркем мәтінді оқытудағы заманауи тәсілдердің маңызы

Бүгінгі мұғалімнің міндеті – шығарманы мазмұндатып қана қою емес, оқушыны ойландыра отырып оқыту. Сабақ барысында пікірталас, жобалық жұмыс, рөлдік ойын, шығармашылық тапсырмалар, проблемалық сұрақтар қолданылғанда оқушы мәтінді терең түсінеді. Мысалы, шығарманы оқып болғаннан кейін «Егер сен кейіпкердің орнында болсаң, қандай шешім қабылдай едің?», «Бұл оқиға қазіргі қоғамда орын алуы мүмкін бе?» деген сұрақтар оқушыны өмірмен байланыстырып ойлауға жетелейді. Мұндай

тапсырмалар функционалдық сауаттылықтың негізгі компоненттерін дамытады. Сонымен қатар әдеби шығармаларды қазіргі өмірмен ұштастырудың маңызы зор. Оқушы мәтіндегі көтерілген мәселенің бүгінгі қоғаммен үндестігін байқаса, шығарманың тәрбиелік әрі танымдық құндылығын тереңірек түсінеді.

Көркем мәтін және сыни ойлау

Функционалдық сауатты тұлға кез келген ақпаратты талдап, дәлелдей алады. Бұл қасиет әдеби мәтінді талдау барысында қалыптасады. Кейіпкерлердің әрекетін бағалау, автор идеясын анықтау, шығарманың негізгі ойын өмірмен байланыстыру – бәрі де оқушының сыни ойлау қабілетін дамытады. Көркем мәтінмен жұмыс кезінде оқушы тек жауап іздемейді. Ол сұрақ қояды, дәлел келтіреді, пікірін қорғайды. Осындай әрекеттер оның зерттеушілік қабілетін жетілдіріп, өзіндік көзқарасын қалыптастырады.

Ұлттық құндылықтар және көркем әдебиет

Қазақ әдебиеті – ұлттық тәрбиенің алтын қазығы. Абайдың қара сөздері, Мұхтар Әуезовтің көркем әлемі, Ілияс Есенберлиннің тарихи романдары, Бердібек Соқпақбаевтың балаларға арналған шығармалары – барлығы жас ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастыратын асыл мұра. Әдеби шығарма арқылы оқушы туған жерге деген сүйіспеншілікті, елжандылықты, ұлттық рухты бойына сіңіреді. Рухани байлығы мол жас қана жаһандану заманында өз болмысын жоғалтпай, ұлттық құндылықтарды сақтай алады.

Көркем мәтін – оқушының таным көкжиегін кеңейтіп қана қоймай, оның жүрегіне жол табатын, ойлау мәдениетін қалыптастыратын рухани құндылық. Әдеби шығарманы терең түсініп оқыған оқушы өмірді таниды, адамды түсінеді, өз пікірін дәлелдеп, алған білімін өмірлік жағдаяттарда қолдана біледі. Демек, функционалдық сауаттылықтың берік іргетасы да көркем сөз арқылы қаланады. **Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының:** «Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз – зейін тілі» деген тағылымды тұжырымы көркем әдебиеттің адам жанына әсер ететін ерекше күшін айқын аңғартады. Шынында да, көркем сөз – жүрекке сәуле құятын, ойға қанат бітіретін, тұлғаның рухани әлемін байытатын құдірет. Ендеше, жас ұрпақтың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолында көркем мәтіннің құнын арттыру – білім беру ісінің ғана емес, ұлт болашағына деген жауапкершіліктің жарқын көрінісі.

Айша МАХАМБЕТҚЫЗЫ,
Қазақстан Республикасы Президенті
атындағы шәкіртақы иегері

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады-Издаётся с 30 января 2016 года

Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі.

Ахмет Байтұрсынұлы

ЖУРНАЛИСТ

№7 (93), тамыз 2026 жыл (Journalist)

Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы



■ Ойдың шамын жаға білген

АБАЙ ҚАРАСӨЗДЕРІ – ҰЛТТЫҚ ОЙЛАУ МӘДЕНИЕТІНІҢ МЕКТЕБІ

Абай Құнанбайұлының рухани мұрасы – қазақ халқының ғасырлар бойы іздегенін, ойлағанын, толғанғанын, адамдық жолын саралағанын бойына жинақтаған ұлы қазына. Оның өлеңдері жүрекке жол тартса, қарасөздері санаға ой салады. Ақынның қарасөздерін оқыған сайын адам баласы өзіне өзі сансыз сауалдар қояды. Мәселен, *Мен қандай адаммын? Не үшін өмір сүріп жүрмін? Елге, қоғамға қандай пайда келтіріп жүрмін? Адамдық парызымды қалай атқарып жүрмін?..* Алып Абай қарасөздерінің құдіреті де осында болса керек-ті. Демек, ғұлама ойшыл қарасөздері – жай ғана философиялық толғамдар емес, олар – адам өміріне, мінезіне, тәрбиесіне, білімге, еңбекке, елдікке, ар-ұятқа қатысты терең ойлар тоғысқан рухани мектеп.

Абай шығармашылығының өзегінде «адам» ұғымы жатыр. Ол адамды байлығына, мансабына немесе атақ-даңқына қарап емес, *ақылына, мінезіне, еңбегіне, адамгершілігіне* қарап бағалауға шақырады. Абайдың он тоғызыншы қарасөзіндегі: *«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады»* деген ойы адам тәрбиесінің тәжірибемен, ізденіспен қалыптасатынын аңғартады. Адам болып дүниеге келу бір бөлек те, *адамдық қасиетті қалыптастыру – өмір бойғы міндет.*

Бала дүниеге келгенде оның бойында белгілі бір табиғи қасиеттер болады. Бірақ оның мінезі мен дүниетанымы отбасы тәрбиесі, көрген ортасы, алған білімі, араласқан адамдары арқылы қалыптасады. Сол себептен де Абай адам тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қараған.

Абайдың қарасөздеріндегі ең терең тақырыптардың бірі – адамның өзін-өзі тәрбиелеуі. Ойшыл отыз бірінші қарасөзінде адам баласының естігенін ұмытпауына қатысты төрт түрлі себепті атайды. Оның бірі – *«көкірегі байлаулы берік болу»*, яғни, адамның естігенін жүрекпен қабылдап, ой елегінен өткізе білуі. Ал отыз сегізінші қарасөзінде Абай адамшылықтың биік өлшемдерін сөз етеді. Ол адамды ақылға, ғылымға, әділетке, махаббатқа ұмтылуға шақырады. Бұл ойлардың бүгінгі жастар үшін маңызы ерекше.

Қазіргі ақпараттық заманда адамға мәлімет көп келеді. Бірақ көп ақпарат білу мен терең ойлау – бір нәрсе емес. Абай бізге *ақпаратты жинауды емес, ой қорытуды* үйретеді. Ойшылдың оқығаныңды санаға сіңіріп, естігеніңді сарала, білгеніңді өмірде қолдан, өзіңе есеп бер деуі – Абай тағылымының мәні.

Білім – адамды алға бастайтын күш. Абай қарасөздерінде білім мен ғылым мәселесіне айрықша мән береді. Ойшыл үшін надандық – жеке адамның ғана емес, тұтас қоғамның дамуына кедергі келтіретін кесел. Он төртінші қарасөзінде Абай *«Тірі адамның жүректен аяулы жері бар ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені – батыр кісі дегені»* деп жүрек мәселесіне тоқталса, он жетінші қарасөзінде ақыл, қайрат, жүректі бір-бірімен салыстырып, ғылымға жүгіндіреді. Бұл – Абай ойының тереңдігін көрсететін ерекше туынды. Біле білсек, ақыл дұрыс жолды көрсетеді, қайрат сол жолда әрекет етуге мүмкіндік береді, жүрек адамгершілік өлшемін сақтайды. Ал осы қасиеттерді үйлестіретін – *ғылым мен парасат*. Сондықтан Абай үшін білімнің мақсаты тек мансапқа жету емес. Білім адамды адамдыққа жеткізуі керек. Бүгінгі жастарға да осы ойдың берері мол. Қазіргі заманда жоғары білім алу маңызды, бірақ алған білімді ел игілігіне жұмсау одан да маңызды.

Еңбек етпей, ел көгермейді. Абай қарасөздерінде еңбек мәселесі де кеңінен қозғалады. Отыз жетінші қарасөзінде *«Еңбек қылсаң ерінбей, тояды қарның тіленбей»* деген халықтық даналыққа үндес ой айтады. Абай еріншектік



пен жалқаулықты адамның дамуына кедергі келтіретін қасиет ретінде бағалайды. Еңбек – адамның өз мүмкіндігін ашатын құрал. Еңбек арқылы адам тәжірибе жинайды. Еңбек арқылы адам өзіне де, қоғамға да пайда келтіреді. Қазіргі таңда жастардың алдына үлкен мүмкіндіктер қойылуда. Бірақ мүмкіндік өздігінен нәтиже бермейді, оған талап, табандылық, еңбек қажет. Демек, Абайдың еңбек туралы ойлары бүгін де өміршең.

Мінез – адамның айнасы. Абай қарасөздерін оқығанда, оның қазақ қоғамының мінез-құлқына ерекше көңіл бөлгенін көреміз. Ойшыл өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, күншілдік, бақастық, надандық сияқты қасиеттерді сынайды. Бірақ Абайдың сыны халықты кемсіту үшін айтылған сөз емес. Керісінше, *сүйген елін түзелуге шақырған жанашыр адамның сыны.* Ол қоғамдағы кемшілікті көріп қана қоймай, одан шығатын жолды да көрсетеді. Надандыққа білімді, еріншектікке еңбекті, мақтаншақтыққа қарапайымдылықты, күншілдікке мейірімділікті, алауыздыққа бірлікті қарсы қояды. Абайдың қарасөздері осылайша адам мінезінің айнасына айналады. Кейде оның бір ауыз сөзі адамның өзіне қарап тұрған айна секілді әсер етеді.

«Бірлік» деген не? Абай қазақ қоғамындағы алауыздық пен рушылдық мәселесіне де қатты алаңдайды. Алтыға бөлініп, бір-біріне сенбеген елдің ілгері басуы қиын екенін түсінді. Бірақ Абай үшін бірлік жай ғана ұран емес. *Бірлік – өзара құрметтен, адалдықтан, әділеттен және ортақ мақсаттан басталады.* Егер адам өз пайдасын ғана ойлап, өзгенің жетістігін көре алмайтын болса, қоғамда шынайы бірлік орнамайды. Бұл тұста да Абайдың ел бірлігі туралы ойлары бүгінгі қоғам үшін де маңызды. Бірлік әркімнің бірдей ойлауы емес. Бірлік - әртүрлі ойлай отырып, ортақ мақсат жолында өзара құрметпен әрекет ете білу.

Ар мен ұят – адамдықтың таразысы. Абай дүниетанымында ар мен ұят ұғымдарының орны ерекше. Ар – адамның ішкі таразысы. Адамды сырттан бақылап тұрған ешкім болмаса да, оның дұрыс пен бұрысты ажыратып, өз әрекетіне баға бере алуы – үлкен адамдық қасиет. Абай адамды сыртқы бақылаумен емес, *ішкі жауапкершілікпен*

өмір сүруге шақырады. Бұл – қазіргі қоғам үшін аса маңызды ұстаным. Заңнан қорыққандықтан ғана емес, ар алдындағы жауапкершіліктен қателіктен аулақ болу – нағыз азаматтық мәдениеттің белгісі. Абайдың *«Адам баласына адам баласының бәрі – дос»* деген мазмұндағы гуманистік ойлары да адамды өзара құрметке, мейірімге бастайды.

Абайдың «Толық адам» ілімі оның қарасөздерімен де тығыз сабақтас. Қарасөздердегі білім, ғылым, еңбек, ақыл, қайрат, жүрек, әділет, махаббат, ар, ұят, қанағат, рақым туралы ойлардың барлығы кемел тұлға қалыптастыруға бағытталған. Абай үшін толық адам білімге ұмтылады, еңбектенеді, ақылын дамытады, жүрегін таза ұстайды, әділеттілікті қорғайды, өзіне есеп береді, елге пайдасын тигізуге ұмтылады. Бұл қасиеттердің біреуі ғана адамды толық ете алмайды. Ақыл бар да, жүрек болмаса, білім суық есепке айналуы мүмкін. Қайрат бар да, ақыл болмаса, әрекет қате бағытқа кетуі мүмкін. Білім бар да, адамгершілік болмаса, оның қоғамға пайдасынан зияны басым болуы ықтимал. Демек, Абай адам болмысының тұтастығын талап етеді.

Қарасөз – бүгінгі ұрпаққа қалған аманат. Абайдың қарасөздері бір кезеңнің ғана мәселесін қозғайтын туынды емес. Мұнда адамзатқа ортақ мәселелер үйлесе берілген. Мәселен, білімсіздікпен күрес, еңбекті қадірлеу, адал өмір сүру, адамды сыйлау, өзіңді тәрбиелеу, арды сақтау, әділетті болу, елге қызмет ету. Бұлардың қай-қайсысы да - бүгінгі күннің маңызды мәселелері. Демек, Абай қарасөздерін мектеп оқушысы да, студент те, ұстаз да, ата-ана да, басшы да, қарапайым еңбек адамы да оқуы керек. Бір ғажабы, әр адам өз өміріне қажетті бір ойды Абайдан таба алады деп есептейміз.

Асылы, осыншама даналық нәрін бүгінгі ұрпаққа жеткізу – парыз іс. Бүгінгі жас ұрпақтың алдында бұрынғыдан да үлкен мүмкіндіктер бар. Ғылым мен технология дамыды. Ақпаратқа қол жеткізу жеңілдеді. Әлеммен байланыс кеңейді. Бірақ мүмкіндік көбейген сайын таңдау да көбейді. Осындай заманда адамға бағыт-бағдар қажет. Сол бағыттың бірі – *Абай даналығы.* Абай қарасөздері бізге дайын өмір жолын ұсынып қоймайды. Ол адамды *ойлануға, ізденуге, өзіне сауал қоюға үйретеді. Мәселен, Мен білімді не үшін пайдаланып жүрмін? Менің еңбегім кімге пайда әкеледі? Менің мінезім қандай? Мен өзімді тәрбиелеп жүрмін бе? Мен қоғамға қандай үлес қосып жүрмін?..* Осы іспетті сұрақтарға жауап іздеу – *Абайды түсінудің бір жолы.*

Ұзын сөздің қысқасы, қысқа сөздің нұсқасы, Абайдың қарасөздері – халқымыздың рухани жадында сақталған баға жетпес қазына. Оларды бір рет оқып қою жеткіліксіз. Кейбір қарасөздерді қайта-қайта оқыған сайын жаңа мағына ашылады. Себебі адамның жасы, өмірлік тәжірибесі, дүниеге көзқарасы өзгерген сайын Абай сөзіне деген түсінігі де тереңдей түседі. Бала кезінде оқыған бір қарасөзден бір ой түйсең, есейгенде сол сөзден мүлде басқа мағына табуың мүмкін. Бұл ұлы ойшыл мұрасының мәңгілігін айқындайды. Абайдың қарасөздері – *өткеннің ескерткіші емес, бүгінгі күннің рухани бағдары.* Ғұлама бізге *білімді бол, еңбек ет, өзіңді таны, арды сақта, әділеттен айныма, адамды сыйла, елге пайдаңды тигіз* дегендей ұлы аманат қалдырған. Ендеше, Абай қарасөздерінің даналық нәрін жас ұрпақтың бойына сіңіру – баршамызға ортақ міндет. Өйткені ұлы ойшылдың мұрасын оқу – өткенді тану ғана емес, *өз болашағымызды тәрбиелеу.* Демек, Абай сөзі – санаға сәуле, Абай ойы – жүрекке жылу, Абай тағылымы – ұрпаққа жол. *Қарасөз – даналықтың сөзі. Ал алып Абай қарасөзі – адамдықтың мектебі.*

Абат Сатыбайұлы ҚЫДЫРШАЕВ,

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің

Қоғамдық даму департаментінің директоры, Қазақстан

Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі,

педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «Ерен еңбегі

үшін» медалінің иегері



ЖАҢА ӨМІРГЕ ЖОЛДАМА

Бір күн. Бір сәт. Бір диплом. Бірақ сол дипломға жету үшін мыңдаған дәріс, жүздеген сынақ, сансыз ұйқысыз түн мен талай арман артта қалды. Махамбет университетінде тағы бір буын үлкен өмірге қанат қақты. Студенттік шақтың ең жарқын беттері тарихқа айналып, оның орнын жаңа мақсаттар мен үлкен жауапкершілік басты.



Биыл университеттің алты факультетін 1500-ге жуық бакалавр мен магистр тәмамдады. Енді олардың әрқайсысы өз бағытын таңдайды. Бірі ғылымға бет бұрса, енді бірі алғашқы еңбек жолын бастайды. Бірақ бәрін біріктіретін ортақ құндылық бар. Ол - Махамбет

университетінде алған білім. Еңбек нарығына бейімделген білім беру жүйесінің нәтижесінде университет түлектерінің басым бөлігі оқуын аяқтаған алғашқы жылдың өзінде жұмысқа орналасады. Бұл - сапалы білімнің нақты нәтижесі. Бүгінгі қуаныш - ертеңгі жауапкершіліктің

бастауы. Бұл аудиторияларда армандаған жастар енді мектепте шәкірт тәрбиелейді, сот төрелігіне қызмет етеді, ғылыммен айналысады, өндіріс пен қоғамның дамуына үлес қосады. Бүгін олардың қолында - диплом. Ертең сол қолдар елдің болашағын қалыптастыратын болады. Өйткені нағыз жетістік диплом алған сәттен емес, сол білімді өмірде дәлелдей бастаған күннен басталады.

БҚУ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

**М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан
университеті.
Газет айына бір рет шығады.**

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.
ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 04.03.2021ж. қайта есепке алу туралы №KZ27VPY00033105 куәлігі берілген.
Таралымы 800. Тапсырыс № 188

РЕДАКТОР: Мейірман ЖАНҒАЗАҚОВ

ТІЛШІЛЕР:

Аружан ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ, Айым СЕРІК,
Айару БЕЙБІТҚЫЗЫ, Арина ҚАЗБЕКОВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Қоғаммен байланыс және имидждік саясат бөлімі

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3.
тел.: 50-51-48, 51-41-99

Мекен-жайымыз: 090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 162, тел.: 50-94-45. Біздің сайт: wku.edu.kz, e-mail: orken.gazeti@mail.ru